

Тайынша Мәңгі

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 49 (901) 11 қараша 2022 жыл

facebook.com/tainsha.tany




http://tainshatany.kz



tainsha_tan@list.ru

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ БОЛУ ҮЛКЕН АБЫРОЙ МЕН МІНДЕТ



Ол билік пен халық арасын байланыстырушы бұын болып табылады. Сондықтан әр саланың сапалы жұмыс істеуі, жетістікке жетуі мамандардың біліміне, біліктілігіне тікелей байланысты.

Мемлекеттің атынан жұмыс атқарып, мемлекет мүддесін қорғайтын қызметкерлердің өзін-өзі ұстауына, адамдардың қарым-қатынасына, сөйлеу мәнеріне қарап азаматтардың билікке деген сенімі нығайады. Бір мемлекеттік қызметкердің оғаш ісі бүкіл бір құрылымның беделіне нұқсан келтіріп, сеніміне селкеу түсіруі мүмкін. Осыған орай, бүгін де мемлекеттік құрылымдарға жұмыс істеуге үмітті жандарға талап қатал. Судьяларға ғана емес, қазір сот мамандарына, кеңсе қызметкерлеріне де қойылатын талап жоғарылаған. Өйткені, азаматтар сот билігінің әділдігін, төреліктің тура шығарылғанын таразылай тұрып, кеңсе қызметкерлері мен сот мамандарының қызмет көрсету сапасына ғана баға береді. Олардың ізетпен қабылдап, білмеген сұраққа түсінікті танытуына, құқықтық кеңес беруіне қарап азаматтардың сот жұмысына деген сенімі нығайады. Мұны сот табалдырығынан аттаған кез келген азаматтың лебізінен, пікірінен аңғаруға болады. Мемлекеттік қызметтегі әрбір адам өз жұмысының маңыздылығын сезіне білуі тиіс.

Мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады, сыбайлас – жемқорлыққа қарсы тұруы, жемқорлыққа жағдай туғызатын әрекеттерге жол бермеуі тиіс.

Азаматтарға сапалы қызмет ету – мәртебелі міндет. Өз тағдырын сеніп тапсырып, кәсіби шеберлік пен біліктілігімізге сенім артқан жандардың көңілінен шығу қашан да қиын. Сондықтан еселі еңбек ету – басты мақсатымыз.

Қарлығаш АЮПОВА,
Тайынша аудандық сотының бас маманы.

КӨПШІЛІК НАЗАРЫНА!

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті өкілді органдары белгілеген ауыл шаруашылығы жануарларын жаю қағидаларын бұзу – үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді. Жеке тұлғалардың мүлкіне залал келтіруге әкеп соққан дәл сол әрекет – он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді. Тайынша ауданының полиция бөлімі Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2020 жылғы 27 шілдедегі № 45/2 шешімімен Солтүстік Қазақстан облысының аумағында ауыл шаруашылығы жануарларын жаю ережесі бекітілгенін, осыған байланысты Тайынша ауданының ПБ 10 ай ішінде қаңғыбас малдың қатысуымен жол-көлік оқиғаларының алдын алу бойынша профилактикалық іс-шаралар жүргізілді, 2022 жылы ӘБТҚРК 408-бабы бойынша қаңғыбас малдың 308 иесі әкімшілік жауапкершілікке тартылып және 2384 бас малды уақытша ұстауға арналған қораларға орналастырылды, әкімшілік жауапкершілік шарасының жалпы айыппұл сомасы 802517 теңге салынғанын хабарлайды. Отдел полиции Тайыншинского района сообщает, что решением Северо-Казахстанского областного маслихата от 27 июля 2020 года № 45/2, утверждены Правила выпаса сельскохозяйственных животных на территории Северо-Казахстанской области, в связи с чем ОП Тайыншинского района проведены профилактические мероприятия, по профилактике дорожно-транспортных происшествий с участием бродячего скота, в период за 10 месяцев 2022 года по ст. 408 КРКОАП к административной ответственности привлечено 308 владельцев бродячего скота, помещено в законы для временно содержания 2384 голов скота, наложены меры административной ответственности штраф на общую сумму 802517 тенге.

Тайынша ауданының полиция бөлімі.

ЖЕТІНШІ ШАҚЫРЫЛҒАН АУДАНЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТІ 19-СЕССИЯ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ



Күн тәртібінде бірінші мәселе: Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Тайынша қаласының құрамдас бөліктерін қайта атау бойынша ұсынысты Солтүстік Қазақстан облысының ономастикалық комиссиясының қарауына енгізу туралы болды. Бұл бағытта Тайынша қаласының әкімі В.А.Шпаковский ақпарат берді. Екінші мәселе «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Тайынша қаласының 2022 – 2024 жылдарға арналған бюджетін бекіту туралы» Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2021 жылғы 28 желтоқсандағы №133 шешіміне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы да қала әкімі есеп берді. Үшінші қаралған мәселе: «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Келлер ауылдық округінің 2022–2024 жылдарға арналған бюджетін бекіту туралы» Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2021 жылғы 28 желтоқсандағы № 122 шешіміне өзгерістер енгізу туралы болды.

Келлер ауылдық округінің, Киров ауылдық округінің әкімі, Рошинск ауылдық округінің әкімдері есеп берді.

Отырыс барысында «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2021 жылғы 15 қаңтардағы № 7 шешіміне өзгеріс енгізу туралы және Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2022 жылғы 14 сәуірдегі № 162 «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданында мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібін және мөлшерін айқындау туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысының міндетін атқарушысы Өтелбаева Р.С. ақпарат берді.

Тайынша ауданы әкімдігінің жанындағы комиссиялардың дербес құрамдарын бекіту және оларға өзгерістер енгізу:

- 1) Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің дербес құрамын келісу туралы;
- 2) Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің жанынан құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі ведомстваралық комиссияның дербес құрамы туралы;
- 3) Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің жанынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ведомстваралық комиссияның дербес құрамы туралы;
- 4) «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы бюджеттік комиссиясының дербес құрамы туралы» Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2021 жылғы 8 қазандағы № 87 шешіміне өзгерістер енгізу туралы;
- 5) Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2022 жылғы наурыздағы № 150 «Солтүстік Қазақстан

облысы Тайынша ауданы әкімдігінің жанынан Терроризмге қарсы комиссияның дербес құрамы туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы;

6) «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің жанынан төтенше жағдайларды алдын-алу мен жою жөніндегі комиссияның дербес құрамы туралы» Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2018 жылғы 6 маусымдағы № 172 шешіміне өзгерістер енгізу туралы да сессия барысында талқыланды. Сессия барысында Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Тайынша қаласының құрамдас бөліктерін қайта атау бойынша ұсынысты Солтүстік Қазақстан облысының ономастикалық комиссиясының қарауына енгізу туралы Тайынша қаласының әкімі Шпаковский В. А. ақпарат берді және мынадай шешім қабылданды.

1. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Тайынша қаласының құрамдас бөліктерін қайта атау бойынша ұсыныс Солтүстік Қазақстан облысының ономастикалық комиссиясының қарауына енгізілсін:

- 50 лет Октября көшесін Шоқан Уәлиханов атындағы көшесіне;
- Карл Маркс көшесін Желтоқсан көшесіне;
- Коммунистическая көшесін Татулық көшесіне;
- Комсомольская көшесін Жастар көшесіне;
- Крупская көшесін Көктем көшесіне;
- Пролетарская көшесін Абай Құнанбаев атындағы көшесіне;
- Советская көшесін Кенесары атындағы көшесіне;
- Фурманов көшесін Достық атындағы көшесіне;
- Чапаев көшесін Жамбыл Жабаев атындағы көшесіне;
- Энгельс көшесін Бірлік атындағы көшесіне;
- Пугачев бұрылысын Ынтымақ бұрылысына.

2. Осы Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің бірлескен қаулысы және Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының шешімі қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия барысында «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Тайынша қаласының 2022 – 2024 жылдарға арналған бюджетін бекіту туралы» Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2021 жылғы 28 желтоқсандағы №133 шешіміне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы екінші мәселе бойынша ақпарат тыңдалды.

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2022 жылғы 14 сәуірдегі № 162 «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданында мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібін және мөлшерін айқындау туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы жетінші мәселе бойынша да ақпарат тыңдалды.

МАҢЫЗДЫ САЯСИ НАУҚАН

Қараша айының 20 жұлдызы кезектен тыс өтетін Президент сайлауына жұртшылық тарапынан қызығушылықтар мен ой-пікірлер өте көп. Президент сайлауын өткізу жөніндегі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарына сәйкес, сайлау алдындағы үгіт-насихат жұмыстары жүріп жатыр. Жалпы бұл жұмыс қазанның 21 жұлдызы басталды. Осы бағытта Қазақстан Республикасының Президентігіне кандидат Қасым-Жомарт Тоқаевтың республикалық қоғамдық штабының мүшелері жұмыс сапарымен қарашаның 8 жұлдызында Тайынша ауданына келді. Штаб мүшелерінің алғашқы кездесуі «EMC Agro» ЖШС-де ет өңдеу кәсіпорнында өтті. Кездесуде Дмитрий Владимирович Колода, Ирина Владимировна Смирнова президенттікке кандидаттың сайлауалды бағдарламасының экономикалық және қаржылық бағыттары, ал Сәуле Қуандықызы Сұрағанова әлеуметтік даму және мектепке дейінгі білім беру барысында балаларды қолдау мәселесі төңірегінде әңгіме өрбітті.


Кейін қоғамдық штаб мүшелері аудандық мәдениет үйінде Тайынша ауданының жұртшылығымен кездесу өткізді. Штаб құрамында Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің «AMANAT» партиясынан депутат Колода Дмитрий Владимирович, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Қазақстан халық партиясынан депутат Смирнова Ирина Владимировна, кекушинкай қараздан 4 дана кара белбеу иегері, әлем кубогының иегері, жоғары білікті педагог, Петропавл қалалық мәслихатының депутаты Витченко Владимир Николаевич, Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының депутаты, «Алабота асыл тұқымды зауыты» ЖШС директоры Алпысов Ерлан Сапарбекұлы, Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының депутаты, СҚО бала, отбасы құқықтары жөніндегі уәкіл Сұрағанова Сәуле Қуандықызы, Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының «Ақ жол» партиясынан

депутат, Кинцель Евгений Юрьевич болды.

Сөз кезегінде Петропавл қалалық мәслихатының депутаты Владимир Витченко елімізде жастар мәселесіне айтарлықтай көңіл бөлініп жатқандығы турасында айтып өтті.

- «Жастар - еліміздің болашағы деп жиі айтамыз. Шынымен, жастар өзгерістерді бастамасы. 2019 жыл Қазақстанда Жастар жылы болып, биліктің өкілді органдарында жастар үшін жеке квота енгізілген болатын. Бүгінгі таңда жастар саясаты туралы заңнаманы жетілдіру бойынша жұмыс жүргізілуде. Ендігі кезекте «Барлығы жастар үшін» деп емес, «Жастармен бірлесіп отырып» қағидаты негізге алынатын болады. Қоғамдық кеңестерде де арнайы жастар квотасы енгізіледі. Жас кәсіпкерлер конкурстық негізде жылдық пайызы 2,5% жеңілдікті несие ала алады. Ал, ерекше қажеттіліктері бар кәсіпкерлер грант ала алады. Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің сайлауалды бағдарламасында музыка, кино, театр, әдебиет, диджитал графика және басқа да бағыттар бойынша жас таланттардың халықаралық фестивальдерін үнемі өткізу міндетін қойып отыр», - деді депутат. Келесі сөз алған, отбасы құқықтары жөніндегі уәкіл Сұрағанова Сәуле Қуандықызы да бүгінгі таңдағы басты мәселе кезектен тыс өтетін Президент сайлауының маңызды саяси науқан екенін айтып өтті.

Сайлауға қатысып, өз таңдауымызды жасау-әр азаматтың міндеті, сонымен қатар, сайлауға қатысу – ел бірлігінің белгісі әрі маңызды саяси науқанға қатысу әркімнің ерікті бостандығы деп білеміз.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ

20 қараша 2022
ноябрь

ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ
МАҢЫЗДЫ!

Обязательное социальное
медицинское страхование



Міндетті әлеуметтік
медициналық сақтандыру

ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ 182 МЫҢНАН АСТАМ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Жастар денсаулық орталықтары міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аясында жұмыс істегеннен бері оған жүгінушілер саны да айтарлықтай артты. Ағымдағы жылы медициналық қызметтер үшін 2,2 млрд теңгеге шарт жасалды. 5 айда 182 мыңнан аса қызмет көрсетіліп, оған 431 млн-нан астам қаржы жұмсалды деп хабарлайды Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры.

Жастар денсаулық орталықтары жас буынның денсаулығын сақтау мен нығайтуда маңызды рөл атқарады. Бүгінде орталық қызметтеріне деген сұраныс өсіп отыр. Міндетті түрде құпиялылықты сақтау әдісімен жастарға арналған қызметтерді ұсынады.

«Пациенттердің медициналық көрсеткіштеріне қарай, кешенді диагностикалық, емдеу, кеңестік, профилактикалық, медициналық, әлеуметтік, зертханалық зерттеулер және оңалту шараларына жолдама беріледі. Қабылдауды білікті мамандар жүргізеді. Олардың қатарында акушер-гинеколог, психолог, уролог-андролог, психотерапевт, психиатр, дерматовенеролог, әлеуметтік қызметкер және фельдшер бар», – дейді Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының заңды және жеке тұлғалармен жұмыс жасау департаменті директорының орынбасары Жанар Ботагарина.

Орталықтарда 12–17 жас аралығындағы жасөспірімдер және 18–29-дағы жастарға қызмет көрсетіледі. Олардың ерекшеліктеріне қарай кешенді медициналық-әлеуметтік және психологиялық көмек беріледі. Қазір Қазақстан бойынша қалалық, аудандық емхана мен жекеменшік клиникаларда барлығы 218 орталық міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аясында жұмыс істейді.

«Жастар денсаулық орталықтары кәмететке толмағандарға медициналық психологиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілеріне айналды. Басты мақсат – жасөспірімдер мен жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, ре-продуктивті денсаулықты қорғау, оның ішінде ерте жыныстық белсенділік пен ерте жүктіліктің алдын алу, контрацептивтерді қолдану, отбасын жоспарлау және жыныстық жолмен берілетін инфекциялар туралы ақпараттандыру», – дейді Жанар Ботагарина.

Жасөспірім шақ – сенімді серік іздейтін, көңілдің албырт шағы. Ата-ананың баласының шешімдерін түсінбеуі, қолдамауы, тіпті балаға мүлде көңіл бөлмеуі психикалық өзгерістерге алып келеді немесе біреуге айтуға қорқатындай жағдайға тап болуы мүмкін. Мектептегі құдалану, үлкендердің немесе құрдастарының сексуалдық алымсақтығы, бәлкім танысының зорланған болуы, жыныстық жолмен берілетін ауру белгілерін өз бойынан табуы немесе ерте жүктілікке тап болуы секілді түрлі мәселелер бойынша Жастар денсаулық орталығында жағдайдың басын ашуға және оң шешімін табуға көмектеседі. Дегенмен, әрбір жас өз денсаулығы үшін басты жауапкершілікті өзі сезінгені дұрыс. Бұл ретте ата-ана тәрбиесінің де маңызы зор.

Егер сұрақтарыңыз болса, сіз оларды емханаңыздан Пациенттерге қолдау көрсету қызметіне хабарласып сұрай аласыз. Егер сізге ол жерде көмек көрсетілмесе, онда өзіңізге ыңғайлы байланыс арнасы арқылы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына өтініш жібере аласыз: fms.kz ресми сайты, 1406 байланыс орталығы, Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы және Telegram-дағы SaqtandyruBot. Дәл осы құралдар сақтандырылу мәртебесін тексеруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, медициналық сақтандыру жүйесіндегі өз мәртебеңізді тексеріп, жүргізілген төлемдер туралы ҚР электрондық үкіметінің egov.kz сайтындағы «Денсаулық сақтау» бөлімінде «Медициналық қызметтер туралы және МӘМС-ға аударылған сомалар туралы ақпарат» мемлекеттік қызметі арқылы біле аласыз.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры»
КЕАҚ СҚО бойынша филиалының баспасөз қызметі.

ӘДЕП МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША

2022 жылғы 27 қазанда «Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Атомдық және энергетикалық қадағалау және бақылау комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша аумақтық департаменті» ММ-сі (бұдан әрі-Департамент) Департамент қызметкерлерінің қатысуымен «Уақыт басқару, шешендік өнер және мемлекеттік қызметшілердің әдептілігін сақтау» тақырыбында кеңес өткізілді. Аталған кеңеске «ҚР Президенті жанындағы СҚО бойынша Мемлекеттік басқару академиясы» РМҚК филиалының Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру кабинетінің доценті Дмитрий Витальевич Лазаренко қатысты.

Д.В. Лазаренко өз баяндамасында уақыт менеджменті, шешендік өнер ұғымы мен мағынасына және мемлекеттік қызметшілердің әдептілігін сақтауға баса назар аударды.

Уақытты басқару-бұл үлкен экономикалық және жеке маңызы бар білім жиынтығы. Экономикалық маңыздылығы уақытты ұтымды пайдалану арқылы жеке адамның да, жалпы ұжымның да еңбек өнімділігінің едәуір артуы мүмкін. Жеке маңыздылығы-бұл адамға бос уақытты едәуір мөлшерде алуға мүмкіндік береді, бұл өзін еркін сезінуге, демалуға, денсаулығына және жеке өміріне көбірек көңіл бөлуге мүмкіндік береді.

Шешендік - бұл аудиторияға қажетті әсер ету мақсатында сендіретін және түрлі-түсті сөйлеулер құру және көпшілік алдында сөйлеу өнері. Сенімділік пен түрлі - түсті болу-сөйлеудің міндетті белгілері. Сенімділік дәлелдеу жүйесінен жасалады. Эмоцияны білдіру және материалды ұсынудың керемет әдістері сөйлеуді жандандырады, аудиторияның назарын аударуды қамтамасыз етеді, демек, сөздің әсерін күшейтеді. Барлық осы қасиеттердің жиынтығы сөйлеуді тиімді етеді. Ежелгі заманнан бері адамдарға әсер ету қабілеті жоғары таланттардың бірі болып саналды және бұл әсердің негізгі құралы шешендік сөз болды. Бұл күндері риторика қажет.

Оның оқытушылар құрамы, саясаткерлер, прокурорлар, адвокаттар, менеджерлер және басқа да көптеген мамандықтар үшін рөлін асыра бағалау мүмкін емес. Болашақ спикер дамыған ерікті зейінге, жақсы бейнелі және логикалық жадқа, тапқырлыққа, ойлаудың тереңдігі мен кеңдігіне ие болуы керек. Әркімнің жеке пікірін құрметтей отырып, белгілі бір құндылықтар жүйесін қалыптастыру қажет, оны басшылыққа ала отырып, адам бір жағынан өзінің жеке қасиеттерін жоғалтпайды, ал екінші жағынан белгілі бір қоғамның өкілі болып табылады. Сондықтан риторикалық білім беру әдептілік ағартушылық пен адамгершілік тәрбиесімен қатар жүруі керек, ол адамдардың әлеуметтік өзара әрекеттесу принциптерін қалыптастырады, мысалы, шындыққа монополиядан бас тарту, диалог пен компаға келуге дайын болу, оң сын, зұлымдықпен күресу, көршісіне деген сүйіспеншілік, адалдық пен адалдық. Біздің еліміздегі әрбір мемлекеттік қызметші қызметке кіргеннен кейін үш күн мерзімде ерекше Әдеп кодексінің мәтінімен жаз-баша нысанда танысуға тиіс, оны ол сөзсіз сақтауға тиіс. Мемлекеттік қызметшілер: Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге, мемлекеттік және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға тиіс; адал, әділ, кішіпейіл болу, жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтау, азаматтармен және әріптестермен қарым-қатынаста сыйайылық пен әдептілік таныту; олар қабылдайтын шешімдердің заңдылығы мен әділдігін қамтамасыз ету; жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдер қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз ету; мемлекет мүдделеріне нұқсан келтіретін, мемлекеттік органдардың жұмыс істеуіне кедергі келтіретін немесе тиімділігін төмендететін іс-әрекеттерге қарсы тұру; қызметтік міндеттерін тиімді орындау үшін өзінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыру, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулер мен тыйымдарды сақтау; өзінің іс-әрекетімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан сынға себеп бермеу, сын үшін құдалауға жол бермеу, кемшіліктерді жою және өз қызметін жақсарту үшін сындарлы сынды пайдалану; жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік қызметшілердің және өзге де адамдардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайын пайдаланбауға; шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпауға; мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз ету, сеніп тапсырылған мемлекеттік меншікті, оның ішінде автокөлік құралдарын ұтымды, тиімді және тек қызметтік мақсатта пайдалану; қызметтік тәртіпті мүлтіксіз сақтау, өзінің қызметтік міндеттерін адал, бейтарап және сапалы атқаруға, жұмыс уақытын ұтымды және тиімді пайдалануға; мемлекеттік қызметтерді тұтынушы ретінде халықтың сұраныстарына толық бағдарлана отырып, көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру жөнінде тұрақты негізде шаралар қабылдауға; заңда тәртіптік, әкімшілік не қылмыстық жауаптылық көзделген теріс қылықтар мен өзге де құқық бұзушылықтар жасауға жол бермеу. Іскерлік этикет пен ресми мінез-құлық ережелерін сақтау.

Кеңес қорытындысы бойынша Департамент қызметкерлеріне мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын мүлтіксіз сақтау ұсынылды.

Н.П.БОРЗИЛОВ,
Департамент Басшысы Әдеп жөніндегі уәкіл.

БІЛІКТІ МАМАННЫҢ ЕҢБЕГІ БАҒАЛАНДЫ



Қазанның соңғы жексенбісінде Әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлерінің күні атап өтіледі. 2022 жылғы 28 қазанда Тайынша ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығының маманы Ертай Қайроллаұлы Сүлейменов Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Т. Дүйсенованың Алғыс хатымен марапатталды.

Е.Қ.Сүлейменов 2019 жылдың маусым айынан бастап Тайынша қаласының Халықты жұмыспен қамту орталығына маман болып қызмет атқарады. Үш жыл атаулы әлеуметтік көмек бағытында жұмыс істеді, 2022 жылы қоғамдық жұмыстар бағытында жұмыс істеді. Бұл марапатқа дейін де еңбегі бағаланып құрмет көрсетілген, яғни 2021 жылы аудан әкімі Р. Ә. Ақбаевтың Алғыс хатын алды.

Әрқашан үлкен жауапкершілікпен, еңбекқорлықпен, ынтымақ және кәсіби шеберлігімен еңбек етіп келеді. Жұмысына ұқыпты, басқаларға жанашырлық, достық, сөзбен де, іспен де қажетті сәттерде көмектесуге деген ұмтылыс таныта біледі. Жоғары марапатыңыз құтты болсын!

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, Тайынша таңы

ШАРУАШЫЛЫҚ ДИРЕКТОРЫ СОТТАЛДЫ

Бұл туралы ҚР ҚПК 200-бабы тәртібінде ұсынымды қарау шеңберінде СҚО Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің Превенция басқармасының басшысы хабарлады.

Іс материалдарынан а.ж. мамыр айында Қостанай облысының кәсіпкері Андрей Трифонов Жамбыл орман шаруашылығының директоры Еран Исимбаевқа 100 текше метр көлемінде отын сүрегін (қайың, көктерек) дайындау үшін делаяны алуға рұқсат беру туралы өтініш білдіргені белгілі болды.

«Жамбыл орман шаруашылығы директоры Исимбаев рұқсат беруден бас тартқаннан кейін кәсіпкер делаяны алу үшін заңсыз сыйақы ұсынды. Сол күні ол Еран Исимбаевқа 15 000 теңге көлемінде пара берді», - деді Превенция басқармасының басшысы Дамир Хабибулин.

Спикердің айтуынша, Жамбыл орман шаруашылығының директоры бас тартуына негіз болған жоқ және өз әрекеттерімен отын сүрегін беруге кедергі келтіріп қана қоймай, жылыту маусымына дайындалып жатқан азаматтарды да қиын жағдайға душар етті.

Ағымдағы жылғы 1 қарашада Солтүстік Қазақстан облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының қаулысымен Еран Исимбаевқа ҚР ҚК 366-бабының 1-бөлігі бойынша параның 25 еселенген сомасында айыппұл және Андрей Трифоновқа пара бергені үшін параның 15 еселенген сомасында айыппұл тағайындалды.


Өз кезегінде СҚО әкімдігі Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы басшысының жетекшілік ететін орынбасары тәртіптік жазаға тартылды.

Сонымен қатар, ұсынымды қарау қорытындысы бойынша процестер мен қабылданатын шешімдердің ашықтығын арттыру үшін мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне енгізе отырып, сүректі өткізу рәсімі мен беру көлемінің нормасын цифрлық форматқа ауыстыру ұсынылды.

«Мың теңгелік параның өзі мемлекеттік органның беделін және мемлекеттік қызметшілердің имиджін бұзатынын бәріміз түсінеміз. Қызметте әрқайсымыз адал еңбектің үлгісі болуымыз керек. Көптеген әріптестеріңіз 15 мың теңге - бұл ұсақ-түйек, үлкен көлемде де алатындар бар деп айтуларыңыз мүмкін. Мен келісемін, үлкен істердің мысалдары да бар. Бұл пара мөлшері туралы емес, заңсыз баю үшін жасалған мүмкіндіктер туралы. Сондықтан Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің ұсынымдарын орындау сіздің салаңыздағы сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендететініне сенімдімін», - деп қайырды Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті басшысының бірінші орынбасары Айдос Жүнісов.

СҚО бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет.

ҚҰҚЫҚТЫҚ КЕҢЕСТЕР БЕРІЛДІ



Қарашаның 8 жұлдызында Тайынша аудандық пробацация қызметі жергілікті полиция қызметі органдарымен, прокуратурамен, соттармен және жергілікті атқарушы органдармен өзара әрекет ете отырып, сотталғандарды қоғамнан алшақтатуға байланысты емес, қылмыстық-құқықтық жауапкершілік шаралар мен жазалауды орындау, есепте тұрған адамдарға қылмыстар мен басқа да құқық бұзушылықтарды ескерту, жазадан қашып жүрген адамдардың тұрғылықты жерін анықтау бойынша алғашқы іздестіру шараларын жүргізу бойынша аудандық прокуратураның ұйымдастыруымен кеңес өтті.

Аудандық жастар орталығында өткен жиында аудан прокуроры Ғалымжан Аубакиров және басқа да жиынға қатынасшылар алдында пробацация қызметінің жұмысы туралы СҚО бойынша ҚАЖД Тайынша ауданының ПҚБ аға инспектор юстиция майоры Г.А.Ағзамова ақпарат берді. Ақпарат бойынша: - 2022 жылдың 10 айында СҚО ҚАЖ департаментінің Тайынша аудандық пробацация қызметі жергілікті полиция қызметі органдарымен, прокуратурамен, соттармен және жергілікті атқарушы органдармен өзара әрекет ете отырып, сотталғандарды қоғамнан алшақтатуға байланысты емес, қылмыстық-құқықтық жауапкершілік шаралар мен жазалауды орындау, есепте тұрған адамдарға қылмыстар мен басқа да құқық бұзушылықтарды ескерту, жазадан қашып жүрген адамдардың тұрғылықты жерін анықтау бойынша алғашқы іздестіру шараларын жүргізу бойынша бірталай жұмыс атқарды. Есепті кезеңде пробацация қызметі есебінен қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес 140 сотталған өтті. (2021 ж. – 144). Есепті кезеңде ПҚБ-не 59/73 адам қойылды. Қоғамдық жұмыстарға сотталғандар – 2/5; Бас бостандығын шектеуге сотталғандар – 53/56; Шартты түрде сотталғандар – 3/6; Есепті кезеңде есептен алынғандар – 81/66; Бас бостандығын шектеуге сотталғандар – 60/51; Шартты түрде сотталғандар – 5/0; Шегерілген – 0/1. Есепті кезеңнің соңына есепте тұрған 59 (2021-78) адам, оның: Белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу - 8 (22); Бас бостандығын шектеуге сотталғандар – 45(46); оның ішінде мәжбүрлеп жұмыс істету 28 (29); Пробацациялық бақылаумен шартты түрде сотталғандар – 6(10).

2022 жылдың 8 қарашасында ПҚБ-де есепте 60 сотталған тұр, оның ішінде ресми жұмысқа орналасқаны – 41, зейнеткер – 1, БЖТ (бірыңғай жиынтық төлем) өзін-өзі жұмыспен қамтыған – 5, мәжбүрлі түрде жұмыста - 3, іздеуде – 1, жалдамалы жұмыста -7, жұмыссыз -1. 2022 жылы Тайынша ауданының әкімдігі 7 квота жұмыс орнын бөлді («ТайыншаЭлеватор» ЖШС, 2. Милеханов ФШ, 3. Агрофирма «Эксимнан» ЖШС, 4. «Нива» ФШ жұмысшы, 5. «Твердовский» ФШ, 6. «Жаркуль» ЖШС, 7.ЖК «Рассвет»). Әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету аясында 10 АЕК сомасында 5 сотталған ақшалай жәрдемақы алды.

Жергілікті атқарушы органдармен жұмыс жүргізу кезінде 4 сотталған төленетін қоғамдық жұмыстарға орналастырылды.

Жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзатын сотталғандарға қатысты профилактикалық ықпал ету шараларының бірі жазаны неғұрлым қатаң жазамен ауыстыру, пробацациялық бақылау мерзімін ұзарту, шартты соттаудың күшін жою және Үкімді орындауды кейінге қалдыру болып табылады.

Есепті кезеңде пробацация қызметтері 78 (64) жазабаша ескерту шығарды, бас бостандығынан айыруға

бас бостандығын шектей отырып, жазаны неғұрлым қатаң жазаға ауыстыру бойынша 1-ден 8-ге дейін өсім байқалады. Жазаны өтеу шарттары мен тәртібінің негізгі бұзушылықтары уақтылы тіркелмеу, әкімшілік жауапкершілікке тарту, сондай-ақ мәжбүрлі еңбекті өтемеу болып табылады.

Сотқа жазаны ауыстыруға жіберілген материалдардың жалпы саны 10 (5) құрады, оның ішінде 8(2) шешім шығарылды, 1(1) материал бойынша кері қайтарып алу туралы шешім қабылданды. Есепті кезеңнің басында 2(2021-1) сотталушы іздеуде болды. Есепті кезеңде 2 (2021-0) сотталғанды іздестіру жарияланды. 2 (2021-0) сотталғанның орналасқан жеріне байланысты іздестіру тоқтатылды.

Сотталғандардың құқықтық бағынышты мінез-құлқын қалыптастыру үшін ынталандырудың бірі жазаны одан әрі өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату болып табылады, сондықтан 2022 жылы 15 сотталушы шартты түрде мерзімінен бұрын босатылды, сотталған адамға 1-шартты мерзімнен бұрын босатудан бас тартылды. Шартты мерзімнен бұрын босату бойынша 3 материал қанағаттандырылды, бірақ әлі заңды күшіне енген жоқ.

Жәбірленушілерге өтемақы қоры:

Тайынша ауданының пробацация қызметі бөлімінде есепте тұрған сотталғандардан СҚО бойынша ҚАЖД жәбірленушілерге өтемақы қорына мәжбүрлі төлемдер өндірілді.

Қайта жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша мәліметтер:

2022 жылғы есепті кезеңде сотталған С. 1 рет қылмыс жасады, ҚР ҚК 106 - бабы 3-бөлігі бойынша, 2021 жылдың ұқсас кезеңінде 1 рет қылмыс жасалды (мас күйінде автокөлік құралын қайта басқару). Тоқсан сайын жедел профилактикалық іс-шаралар жүргізіледі, есептік контингенттің тұрғылықты жері/жұмысы бойынша тексерулер жүргізіледі, аудандағы пробацация қызметінің есебінде тұрған қоғамнан оқшауланбай жазалауға сотталғандардың барлығы тексерумен қамтылады. Тұрғылықты жері бойынша тексеру кезінде бұрын сотталған, сондай-ақ құқық бұзушылықтар мен қайталама қылмыстар жасауға бейім адамдарға ерекше назар аударылады.

СҚО бойынша ҚАЖД пробацация қызметтерінің аумақтық бөлімшелерінің есебінде тұрған барлық сотталғандар ҚР ИІМ «Web-интерфейс» деректер базасы, «Бүркіт-клиент МО», «СИОПСО» деректер базасы бойынша олардың тарапынан құқық бұзушылықтар мен қайталама қылмыстарды анықтау тұрғысынан тексеріледі.

Есепті кезеңде учаскелік полиция инспекторларымен бірлесіп тұрғылықты жері бойынша есеп беру контингентіне 520 тексеру жүзеге асырылды.

Тайынша ауданының ҚАЖД пробацация қызметі бөлімінің СҚО бойынша жұмысы заңнама талаптарына сәйкес ұйымдастырылған.

Сотталғандарға әлеуметтік-құқықтық көмек

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызмет саласында жаңа реттеуші саясатты енгізу және Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының жекелеген функцияларын қайта бөлу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 30.12.2021 жылғы №95-VII Заңының негізінде пробацация қызметтері сотталғандарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету функциясы, оның ішінде шартты түрде де жойылды- 02.03.2022 жылы заңды күшіне енген мекемеден мерзімінен бұрын босатылған, сотталғандарға және шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғандарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету функциясын жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады. Сонымен қатар, жиын барысында аудан прокуроры және басқа жиынға қатысқан құқық қызметкерлері Тайынша ауданының пробацация қызметі бөлімінде есепте тұрған азаматтар тарапынан берілген сұрақтарға жауап бере отырып, заң аясында құқықтық кеңестер берді.


ҮШІНШІ ЖЫЛ ҚАТАРЫНАН ЛАУРЕАТ

Тәжірибелі, көпшілікке танымал журналист Алла Бочкор әлем кеңістігіндегі орыс тілді авторларға арналған Әдеби қауымдастықтар достастығы, Ресейдің жазушылар одағы өткізетін «Золотое перо Руси» ұлттық әдеби премиясы халықаралық конкурсының үшінші жыл қатарынан лауреаты атағына ие болды.



«Тайыншинские вести» аудандық газеті редакциясының бөлім меңгерушісі барлық тақырыптарға мақалалар жазады, әсіресе туған өлкесінің тарихы тақырыбы ізденуге, зерттеуге қызығушылық туғызады.

«Золотое перо Руси» ұлттық әдеби премиясы конкурсы 1998 жылдан бастап жыл сайын өткізіліп келеді, оған түрлі номинацияларда ақындар, жазушылар, журналистер, юмористер, ертегішілер, теледидар қызметшілері, экологтар, тарихшылар, әдеби аудармашылар, ғалымдар қатысады.



Та й ы н ш а ауданының журналисі үшінші жыл қатарынан «Менің шағын отаным» номинациясын таңдап келеді. Алғашқы рет Алла Михайловна әділқазылар алқасына «Трасса мужества АлСиб» мақалалар сериясын ұсынды. Бұл шығармаларында ол КСРО ӘТФ Әскери Әуе Күштерінің жаттығу базасы туралы жазады. Олардың бір бөлігі Ұлы Отан соғысы кезінде Тайынша ауданы аумағында болған екен.

2021 жылы А.Бочкордың «Көк сағыз. Каучуковые плантации в истории Северного Казахстана» мақаласы ерекшеленді.

Осы жылы журналистің «100 лет магистрали «Петропавловск-Кокшетау» мақаласы лауреат атағын алды.

Тақырып бойынша жұмыс жасай отырып, автор мәліметтерді біртіндеп жинақтайды, оқиғаны өз көзімен көрген қарт адамдармен әңгімелесе отырып жазады. Оның айтуынша, өткеннің көбі ұмытылып қалуы мүмкін, себебі көпті көрген үлкен аға, аталарымыздың қатары сиреп бара жатыр. Ол туған өлкесінің өткенінің қызықты сәттерін келесі ұрпаққа қалдыруды өзінің міндеті санайды.

Қазан айының алғашқы күндері Алла Бочкор конкурс қорытындысы бойынша көптен күткен жауабын алды. Лайықты жеңісіңізбен құттықтаймыз.

Лауреат атағына 24 елден қатысқан 15000 қатысушының ішінен 200 адам ие болыпты. Бұл өте үлкен жетістік. Шығармашылық шабытыңыз арта берсін, әріптес!

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫН ЖАҢҒЫРТУ МАҚСАТЫНДА

Республика күніне орай Солтүстік Қазақстан кәсіптік-педагогикалық колледжінде ересектер мен жасөспірімдер арасында қазақтың ұлттық ойындары асық ату мен бес асықтан облыс чемпионаты өтті. Жарыс 13 ауданнан келген және петропавлдық 100-ден астам теріскейліктің басын қосты. Ересектер арасында 1 орынға Есіл ауданы, 2 орынға Шал ақын ауданы және 3 орынға Тайынша ауданы ие болды. Сайыста Тайынша ауданының намысын Сабыров Серік, Райымбеков Жанат, Жүнісов Қанат қорғады.

ҚАЗЫНАШЫЛАР – МЕМЛЕКЕТ ҚАРЖЫСЫНЫҢ САҚШЫСЫ

1993 жылы 15 қарашада Теңге айналымға енді. Содан бері бұл күн ұлттық валюта – Теңгенің ресми күні болып саналады.

Теңге бүгінде тәуелсіздіктің экономикалық негіздерінің бірі, егемендік символы, тәуелсіз Қазақстанның жаңа тарихының толыққанды бөлігі болып табылады. Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және өзге де мерекелердің тізбесіне сәйкес 15 қараша елімізде де Қазақстан Республикасы қаржы жүйесі қызметкерлерінің кәсіби мерекесі болып саналатынын атап өткен жөн. Республиканың қаржы жүйесінің бағыттарының бірі – бюджетті атқару – республикалық бюджетті атқару және жергілікті бюджеттердің атқарылуына қызмет көрсету, республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы жөніндегі операциялардың есебін қамтамасыз ету саласындағы функциялар және мемлекеттік мекемелердің қолма-қол ақшаны бақылау шоттары және шетел валютасындағы шоттары, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттары, мемлекеттік сатып алу шоттары бойынша операцияларды жүргізу; аудан деңгейінде мемлекет кепілдік берген қарызды тартқан қарыз алушылардың шоттары және қаржылық және (немесе) қаржылық емес қолдау операторларының шоттары «Солтүстік Қазақстан бойынша қазынашылық департаментінің Тайынша аудандық қазынашылық басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесіне бекітіледі.

Бюджетті басқару саласындағы қаржы жүйесін қалыптастыру кезеңдерінің бірі «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне 2017 жылғы 11 шілдедегі «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бюджетті басқару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының қабылдануы болды. «Жергілікті өзін-өзі басқарудың» Заңына сәйкес ауылдық округ, ауыл, кенттер, аудандық маңызы бар қалалар деңгейінде жергілікті өзін-өзі басқарудың дербес бюджеті бюджеттің IV деңгейі ретінде енгізілді.

ҚР Заңымен Бюджет кодексіне IV деңгейлі бюджетті енгізу қатысты тиісті өзгерістер енгізілгенін, атап айтқанда: - «Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент және ауылдық округ әкімінің бюджеті» жаңа тұжырымдамасын енгізу; - аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент және ауылдық округ әкімінің бюджетін қалыптастыру, қарау, бекіту, атқару (оның ішінде нақтылаулар мен түзетулер) тәртібі мен мерзімдері;



- аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттері мен аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер және ауылдық округтер әкімдерінің бюджеттері арасындағы бюджетаралық қатынастарды реттеу;

- аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент және ауылдық округ әкімі бюджетінің кіріс бөлігін құрайтын салықтық және салықтық емес түсімдердің тізбесін енгізу;

- аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент және ауылдық округ әкімінің бюджетінің шығыстары жүзеге асырылатын бағыттар.

Сонымен, тарихқа жүгінер болсақ, IV деңгейлі мемлекеттік бюджетті жүзеге асыру кезең-кезеңімен қолға алынса, 2018 жылдан бастап халқының саны 2 мыңнан астам әкімшілік-аумақтық бірліктерде, 2020 жылдан бастап кеңінен жүзеге асыру көзделген.

Тайынша қазынашылық басқармасы жергілікті өзін-өзі басқарудың қызмет көрсететін бюджеттерінің саны 19 ауылдық округтер мен аудандық маңызы бар қалаларды құрайды – бұл IV деңгейлі мемлекеттік бюджет.

Қазіргі уақытта қазынашылықтың ақпараттық жүйелерінде төрт бюджет деңгейі бар.

Бюджеттерді ұстауды ұлғайту қазынашылықтың ақпараттық жүйелерінің көрсеткіштеріне жүктеменің артуына әкеледі; қазынашылықтың аумақтық органдарына жүктемені арттыру; жергілікті өзін-өзі басқару органдарындағы кадрлық әлеуеттің әлсіздігі. Дегенмен, мұның барлығын шешуге болады.

Бұл ретте ЖӨБ дербес бюджетінің кіріс бөлігі оның меншікті кірістерінен (салық және салықтық емес түсімдер),

аудандық бюджеттен субвенциялардан және жоғары тұрған бюджеттерден түсетін нысаналы трансферттерден тұратын болады. Аудан, қала орталықтарынан шалғай орналасқан жергілікті өзін-өзі басқару органдарына ауылдық округтен шықпай-ақ «Қазынашылық-клиент» АЖ арқылы аумақтық қазынашылық органдарында қызмет көрсету мүмкіндігі бар. Бұл іс-шаралардың барлығы ауылдық округ аумағында тұратын халықтың жергілікті маңызы бар мәселелерді шешудегі рөлін арттыруға және оның жергілікті қоғамдастық істеріне белсенді араласуына бағытталған. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары қажетті қаржылық және материалдық ресурстармен қамтамасыз етілген, бұл олардың басқару шешімдерін қабылдаудағы дербестігі мен жауапкершілігін арттырады, бюрократия мен сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетеді.

Қазынашылық комитеті тәуелсіздік жылдарында өзін уақыт пен қоғам талабына сай дамыған қаржы институты ретінде көрсете білді. Бүгінгі күні қазынашылық қызметі Мемлекет басшысы қойған негізгі мақсат – мемлекеттік қаржыны тиімді басқару жолында жемісті жұмыс атқарып келеді. Қазынашылық департаменті мекемесі ел қазынасын тиімді басқарып, экономиканың артуына және қоғамның әлеуметтік дамуына сүбелі үлестерін қосуда. Осынау игілікті істе қанаттарыңыз талмасын, қажыр-қайраттарыңыз қашанда арта бергей! Сіздерге қиын да күрделі жағдайларда түйінді мәселелерді шеше білген еңбектеріңіз үшін алғысымызды білдіреміз! Әлеуметтік және экономикалық мәселелерді шешуде қаржылық тұрақтылықты сақтау – сіздердің қолдарыңызда! Сіздердің бірлесіп еткен еңбектеріңізге алғы айта отырып, алдағы уақытта өзара қарым-қатынастардың нығаюы мен көрсеткіштердің артуына сенім білдіреміз. Сіздердің кәсіби біліктілігіңіз бен жалпыға ортақ сүйіспеншілігіңіз – тұрақты дамудың кілті! Еліміздің және қаламызды өркендету жолында сіздердің ұжымдарыңызға толағай табыстар мен жаңа белестер, жеңістер тілейміз! Сіздердің мол тәжірибелеріңізді, жұмысқа деген жауапкершіліктеріңізді, алға қойған міндеттерді тиімді атқарудағы еңбектеріңізді жоғары бағалаймыз. Қазақстанның қазынашылық жүйесіне қызмет ету жолында сіздерге зор денсаулық, қажымас қайрат және еңбектеріңізге жеміс тілейміз! Әріптестерімді Қазақстан Тәуелсіздігінің маңызды символдарының бірі – ұлттық валюта күнімен құттықтаймын! Егемендігіміз баянды болсын! Міне, 29 жыл бойы қаржыгерлер де өздерінің кәсіби мерекелерін атап өтуде. Әріптестерімнің жанұяларына амандық, еңбектеріне табыс тілеймін! Мереке құтты болсын, әріптестер!

Еркін ИСИН,
«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Қазынашылық департаментінің Тайынша аудандық қазынашылық басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы.

АНА МЕН БАЛАҒА ҚАМҚОРЛЫҚ – ЕЛ ЕРТЕҢІНЕ ҚАМҚОРЛЫҚ

Ана мен баланы қорғаудың заңнамалық негіздері еліміздің Конституциясында арнайы қабылданған Еңбек кодексі, Отбасы кодекстерінде, сондай-ақ бірқатар заңдарда, атап айтқанда, «Денсаулық сақтау туралы», «Бала құқықтарының кепілдіктері туралы» Заңдарда және өзге де заңнамалық актілерде көрсетілген. Ана мен баланың құқығын қорғау, әлеуметтік және денсаулық жағдайын жасау туралы түрлі қорлар, кеңестер мен қозғалыстар, қоғамдық ұйымдар жұмыс істейді. Ана мен баланың денсаулығы – қоғамдағы басты мәселелердің бірі. Бұл – еліміздің ертеңіне деген қамқорлық! Міне осы бағытта газе оқырмандарына мына мақаланы ұсынамыз:

ЖҮКТІ ӘЙЕЛДЕРГЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры жүкті және босанған әйелдер үшін пайдалы болатын үлкен шолуды дайындады.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры азаматтарының өтініштерін қарау жөніндегі сарапшы, тәжірибелі дәрігер Бағдагүл Ысқақызы Әбдірасылова әйелдерге жеңілдікті мәртебені қалай алуға болатынын, сақтандырусыз есепке түру жағдайын түсіндіреді және оларға қандай медициналық көмек көрсетілетінін айтады.

ЗАҢ БОЙЫНША ҚҰҚЫЛЫ Ана мен баланы қорғау медициналық көмек көрсетудің басым бағыты болып табылады. Жүктілік барысын бақылау болашақ ананы медициналық қызметтердің қажетті кешенімен қамтамасыз етуге және жүктілікті жүргізу хаттамаларын сақтауға дәрігерлердің ғана қатысуын талап етпейді. Жүкті әйелдің дәрігердің ұсыныстары мен нұсқауларын орындауға қатысуы да міндетті шарт болып табылады. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексте жүкті әйелдің құқықтары мен міндеттері көрсетілген. Бұл, ең алдымен, әйелдің өз денсаулығын және әлі туылмаған баласының денсаулығын қорғауға, жүктілік кезінде, босану кезінде және одан кейін медициналық көмекке құқығы. Ал жүкті әйелдің міндеті бақылауда болуы үшін дер кезінде есепке түру болып табылады», - деп атап өтті Бағдагүл Әбдірасылова. Жүктіліктің алғашқы белгілерін байқаған сәттен әйел тұрғылықты жері бойынша емханаға жүгінуі қажет. Емхананың медицина қызметкерлері жүктілік кезінде тек медициналық бақылауды ғана емес, сонымен қатар психопрофилактикалық көмекті де көрсету арқылы, болашақ анаға көмектесуге және оны қолдауға шақырылады.

ЖҮКТІ ӘЙЕЛДІ ЕСЕПКЕ ҚОЮ

Спикер атап өткендей, әйел жүктіліктің 12 аптасына дейін міндетті түрде емханада тіркелуі керек. Егер әйел ресми түрде жұмысқа орналасқан болса, онда заң бойынша жұмыс беруші өз қызметкеріне тексерілу үшін және жүктілігі бойынша медициналық есепке түруіне уақыт беруі керек. Бұл ретте оның жұмыс орны, лауазымы және орташа жалақысы сақталады. Бұл норма Кодексте қарастырылғанымен, дегенмен барлық әйелдер өздерінің құқықтары туралы біле бермейді. Сонымен, жүкті әйелге қандай медициналық көмек көрсетілуі тиіс? «Акушерлік-гинекологиялық көмек көрсету стандартында (ҚР ДСМ №92

бұйрығы) жүкті әйелдің міндетті тексерістерден өтуі және гинеколог, терапевт дәрігеріне немесе басқа да бейінді мамандарға баруы көзделген. Ең бастысы-әрдайым байланыста болу және акушермен немесе гинекологпен хабарласып тұруы. Жүкті әйел акушер-гинекологқа бірінші рет жүгінген кезде дәрігер өмір тарихы, яғни оның даму тарихын жинайды: балалық шақта орын алған аурулар, оларды емдеу әдістері, операциялар. Әйел барлығын, соның ішінде егер болған жағдайда, алдыңғы жүктілік туралы айтуы керек. Мұның бәрі өте маңызды», - Бағдагүл Әбдірасылова. Анамнезді толық жинағаннан кейін гинеколог науқастың және оның серіктесінің медициналық деректерін зерттей бастайды. Әйелдің жұмыс жағдайы, сонымен қатар темекі шегу, алкоголь, есірткі немесе басқа да психоактивті заттарды қолдану сияқты зиянды әдеттердің болуына дейін барлығы белгілі болады. Жүктілік бойынша есепке қойылғаннан кейін келесі қабылдау күні 10 күннен аспайтын мерзімде тағайындалады.

ЖҮКТІ ӘЙЕЛДІ БАҚЫЛАУ ЖОСПАРЫ:

Екінші қабылдауда жүкті әйелді тексеру нәтижелерін алғаннан кейін гинеколог оның қауіп факторларын ескере отырып, белгілі бір топқа жататындығын анықтайды және жүктілік пен босануды бақылаудың жеке жоспарын жасайды, сонымен қатар қосымша тексеру жүргізеді. Сондай-ақ, екінші қабылдауда жүктілікке қарсы көрсетілімдердің болуы немесе болмауы анықталады. Егер қарсы көрсетілімдер болған жағдайда, онда жүктілікті тоқтату туралы мәселе медициналық кеңес беру комиссиясына жіберіледі. Сонымен қатар, әйелдің өзі бала көтерумен және оның туылуымен байланысты барлық қауіптер түсіндірілгеннен кейін жүктілікті үзуге қатысты шешім қабылдауға құқылы. «Жүктілікті тіркеуді емхананың акушер-гинеколог дәрігері жүргізеді. Медициналық көрсетілімдер болған кезде, сондай-ақ жүкті әйелдің жағдайын ескере отырып, ол жүктілікті жүргізуге арналған мамандандырылған орталыққа ауыстырылуы мүмкін. Сондай-ақ, әйел дәрігерлік-консультативтік комиссияның қорытындысы бойынша жұмыстың неғұрлым жеңілдетілген шарттарын алуға құқылы», - деп Бағдагүл Ысқақызы жүкті әйелдердің құқықтарын түсіндіреді. Содан кейін, 30 аптада болашақ ана міндетті түрде қайта тексеруден өтуі қажет. Ол қайтадан қажетті сараптамаларды тапсырады. Үшінші триместрде ультрандықтық скрининг жүргізіледі. Сарапшы атап өткендей, егер әйелден патология анықталатын болса, онда оның денсаулығы мен жүктіліктің барысын ерекше бақылау үшін ол әйелдер кеңесінде жиі болуы керек. СКРИНИНГ ТУРАЛЫ ТОЛЫҒЫРАҚ: Үш реттік ультрандықтық скринингтің жүргізілуі:

- 1) жүктіліктің 11 аптасынан 13 апта және 6 күніне дейін;
- 2) 19 аптадан 21 аптаға дейін;
- 3) 30 аптадан 32 аптаға дейін.

Егер ультрандықтық скрининг жүргізу кезінде пренатальды скринингтің бірінші кезеңінде төмендегілер анықталса: - хромосомалық патологияның ультрандықтық маркерлері (белгілері); - ұрықтың туа біткен ақаулары;

- бірінші триместрдің біріктірілген тестін өткізгеннен кейін ұрықтың хромосомалық патологиясының жоғары жеке

генетикалық қаупі (1:150 және одан төмен); - немесе жүкті әйелдің жасы 37 де, ал оның серіктесі 40 жаста болса, онда (көрсетілген факторлардың бірі болған кезде) жүкті әйел жүктілікті ұзартудың ындылығы туралы мәселені шешу мақсатында ұрықта УДЗ қайта жүргізу немесе инвазивтік пренаталдық диагностика жүргізу не мультидисциплинарлық перинаталдық консилиум жүргізу үшін көрсетілгендерді анықтау бойынша генетикке пренаталдық скринингтің екінші кезеңіне жіберіледі.

АКУШЕР ҚАНДАЙ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТЕ АЛАДЫ?

Акушер дәрігердің қатысуын қажет етпейтін медициналық көмек көрсетеді. Бұл:

- 1) пациенттің денсаулық жағдайын анықтау үшін қабылдау және медициналық тексеру, жүктіліктің аурулары мен асқинулары анықтау;
- 2) жүкті әйелдерге, босанған әйелдерге және фертильдік жастағы әйелдерге олардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайларда кезек күттірмейтін және шұғыл медициналық көмек;
- 3) созылмалы аурулары бар жүкті әйелдерді учаскелік дәрігерлермен және бейінді мамандармен бірлесіп динамикалық бақылау;
- 4) акушер-гинеколог дәрігерінің тағайындауларын орындау;
- 5) бағыттар мен ұсынымдар бере отырып, эмбебап-прогрессивтік модель негізінде жүкті әйелдер мен босанған әйелдердің физиологиялық жүктілігін және патронажын өз бетінше жүргізу;
- 6) жүкті әйелдерге, босанған әйелдерге, гинекологиялық науқастарға және әлеуметтік қаупі бар ұрпақты болу жасындағы әйелдер тобына үйде медициналық қызмет көрсету, жүктіліктің 12 аптасы мен 32 аптасына дейінгі мерзімде жүкті әйелді эмбебап (міндетті) патронаждық бақылау, жүкті әйелдерді патронаждық эмбебап-прогрессивтік моделінің схемасы бойынша олардың өміріне, денсаулығына және қауіпсіздігіне қатер төндіретін медициналық немесе әлеуметтік сипаттағы тәуекелдер анықталған жүкті әйелдерді прогрессивті қарау немесе патронаждық бақылау;
- 7) отбасы жоспарлау және репродуктивті денсаулығын қорғау мәселелері бойынша консультация беру.

Егер жүкті әйел тағайындалған күннен бастап үш күн ішінде қабылдауға келмесе, онда акушер немесе учаскелік медбике оған патронажға келуі тиіс.

Егер жүкті әйел орташа қауіп-қатерге душар болса (оның ішінде емшек сүтімен байланысты проблемалар, гигиеналық дағдыларға қатысты қиындықтар), акушер / учаскелік медбике өз бетінше немесе учаскелік дәрігермен бірігіп жұмыс жасайды.

Бірақ, егерде әйел әлеуметтік сүйемелдеуді қажет ететін жоғары тәуекел тобына кіретін болса (қатыгездік, зорлық-зомбылық, әйелдің мүгедектігі), мәліметтер әлеуметтік қызметкерге, психологқа және қажет болған жағдайда тиісті мекемелерге (білім беру, әлеуметтік қорғау, ішкі істер, жергілікті атқарушы органдар, үкіметтік емес ұйымдар) беріледі.

Егер сұрақтарыңыз болса, сіз оларды емхананыздан Пациенттерге қолдау көрсету қызметіне хабарласып сұрай аласыз. Егер сізге сол жерде қажетті көмек көрсетілмесе, онда сіз ыңғайлы байланыс арнасы арқылы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына өтініш жібере аласыз: Ресми fms.kz сайты, 1406 байланыс орталығы, Telegram-дағы Qoldau 24/7 және SaqtandyruBot мобилді қосымшасы арқылы хабарласа аласыз

«ӘМСҚ» КЕАҚ СҚО бойынша филиалының баспасөз қызметі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ЖАТТЫҚТЫРУШЫСЫ – СЕРГЕЙ НАЗАРКИН

Президент Жолдауын іске асыру: дене шынықтыру-сауықтыру кешендерінің 90% ауылдық елді мекендерде салынады. Мемлекет басшысы Жолдауда бұқаралық спортты дамыту мен халықтың денсаулығын жақсарту мәселесіне ерекше көңіл бөлген. «Халықтың салауатты өмір салтын ұстануға және спортпен айналысуға деген сұранысын қанағаттандыру үшін, әрине, спорт ғимараттары қажет. Бүгінде Статистика агенттігінің мәліметінше, елімізде ауылдық жерлерде және қалаларда спорт нысандарының саны артуда. Бұл – негізгі нысандар. Олардың қолжетімділігі мен сапасы да Мемлекет басшысының Жолдауында айтылған. Спорт ғимараттарының құрылысын ұлғайту туралы тапсырма берілді. Қазіргі таңда жергілікті және басқа да мемлекеттік органдармен бірлесіп, аталған жұмыстар жақсы қарқын алуда. Қарашаның 4 жұлдызында Тайынша қаласының дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде жасөспірімдер спорт мектебінің 2011-



2012 жылы туған оқушылары арасында Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы Сергей Иванович Назаркинді еске алуға арналған шағын футболдан турнир өтті. С.И. Назаркин кезінде өзін нағыз спорт шебері екенін көрсетіп кетті. Спорт саласында қаншама шәкірттері де бар. Ол тек қана жаттықтырушы емес, өте білімді ұстаз еді. Сонау 1968 жылдан ауданымыздың маңдай алды ұстаз-жаттықтырушысы болды. Жасөспірімдердің спорт мектебін бір кездегі құлдырау жылдарында сақтап қалды, әрқашан жас жеткіншектердің ортасында жүріп, талай жеңісті күндердің күәсі болған жан. Бірінші болып сөз алған аудан әкімінің орынбасары Г.Қ. Батенова жарысқа қатысушыларға өз ойын жеткізіп, сәттілік тіледі. Келесі сөз алған жасөспірімдер спорт мектебінің директоры Т.Н. Рахимжанов жарысқа қатысушыларға жарыста сәттілік, жеңіс тіледі. Бұл спорттық іс-шараның құрметті қонақтарының бірі, С.И. Назаркиннің немересі болды. Тихонова Мария- баскетболдан Қазақстан чемпионы. Жарысқа 7 команда қатысты: 2 команда - Тайынша ауданы, 2 команда – Уәлиханов ауданы және Ақмола облысының Зеренді ауданынан 3 команда қатысты. Зеренді ауданының Бірлестік ауылының жаттықтырушысы Жұман Мұқажанов газет тілшілеріне берген сұхбатында өзінің еңбек жолы мен өзінің жаттығушылары, жеткен жетістіктері жайында айта келіп, ойын өтіп жатқан спорт кешенінің өте тамаша екенін, ал мұндағы қызметкерлер мен жаттықтырушыларға және осы ойынды ұйымдастырған аудандық әкімшілік пен спорт және мәдениет бөліміне алғысын жеткізді. Қарсы алып, барлық жағдай жасалғандығы жайында айтты. Сонымен қатар, ойын әділ өткенін де жеткізді. Турнир қорытындысы бойынша 1 орын Тайынша ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебіне, 2 орын Уәлиханов ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебіне, ал жұлделі 3 орын Зеренді ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебіне бұйырды. Жеңімпаздар кубоктар мен медальдармен марапатталды. Тайынша қаласындағы қазақ орта мектептің оқушысы Санжар Сейтхан “Үздік қақпашы” атанды. Турнирдің үздік ойыншысы – Тайын-



ша қаласындағы №2 орта мектептің оқушысы Дмитрий Рябчинский болды. Футболдан өткен спорттық іс-шараға келген көрермендердің де қарасы көп болды. Еске алуға байланысты ұйымдастырылған ойынға қала мектептерінің оқушыларымен қатар, немерелері үшін жанкүйер болып келген зейнет жасындағы ата-әжелер де болды. Солардың бірі-Жетпісбаев Мұхтар ата болды. Таңертеңнен кешке дейін тапжылмай отырып, немерелерінің ойын барысындағы әрбір қимыл іс-әрекетіне сүйсініп отырған аталар жаттықтырушыларға да алғыстарын айтып кетті. Шынымен де тайыншалық балалар спорттың қай түріне де болса еркін араласады, өйткені олардың жаттықтырушылары өз ісіне асқан жауапкершілікпен қарайтын адамдар, спорттың нағыз майталмандары. Олар: Нейфельд Олег Владимирович және Дулат Сейтқанұлы Тоқубаев және тағы басқалары. Спорт сүйер қауым, Жеңісті күндерде жолыққанша!



ша қаласындағы №2 орта мектептің оқушысы Дмитрий Рябчинский болды. Футболдан өткен спорттық іс-шараға келген көрермендердің де қарасы көп болды. Еске алуға байланысты ұйымдастырылған ойынға қала мектептерінің оқушыларымен қатар, немерелері үшін жанкүйер болып келген зейнет жасындағы ата-әжелер де болды. Солардың бірі-Жетпісбаев Мұхтар ата болды. Таңертеңнен кешке дейін тапжылмай отырып, немерелерінің ойын барысындағы әрбір қимыл іс-әрекетіне сүйсініп отырған аталар жаттықтырушыларға да алғыстарын айтып кетті. Шынымен де тайыншалық балалар спорттың қай түріне де болса еркін араласады, өйткені олардың жаттықтырушылары өз ісіне асқан жауапкершілікпен қарайтын адамдар, спорттың нағыз майталмандары. Олар: Нейфельд Олег Владимирович және Дулат Сейтқанұлы Тоқубаев және тағы басқалары. Спорт сүйер қауым, Жеңісті күндерде жолыққанша!

Өңір тарихы — Архив деректерінде

Зарқын ТАЙШЫБАЙ,

М. Қозыбаев атындағы СҚУ профессоры, Қазақстан Жоғары мектебі Ұлттық ғылым академиясының академигі.

Сәуле МӘЛІКОВА,

Солтүстік Қазақстан мемлекеттік архивінің директоры, тарих ғылымдарының кандидаты.

Жалғасы. Басы газеттің 44 санында және 31 қазан күні шыққан газеттің 42 (47 деп оқылсын) санында.

Одан кейін, ҚК(б)П облыстық комитетінің секретарі Нечаев облыстық партия комитетінің VI партия конференциясынан VII конференцияға дейінгі уақыт ішінде атқарылған жұмыстар жөнінде есепті баяндама жасап, сонымен конференцияның алғашқы мәжілісі аяқталды.

Облыстық партия конференциясының 6 наурыз күнгі мәжілісінде Нечаевтың баяндамасы бойынша жарыссөз басталды. Жарыссөзде ҚК(б)П Октябрь аудандық комитетінің хатшысы Васильченко, Суворов МТС-ның директоры Слажнев, облыстық “Ленинское знамя” газетінің редакторы Кияница, ҚК(б)П Булаев аудандық комитетінің хатшысы Жанғозин, облыстық соғыс комиссариатынан Голосов, Совет ауданының Киров атындағы колхозының хатшысы Мүрсәлімов, Мамлют МТС-ның директоры Буркалев, Петропавл қаласындағы Теміржол аудандық партия комитетінің хатшысы Макарев, Торанғұл мал кеңшарының директоры Сқақов және өзге басшылар сөз сөйледі.

Мәжілісте мандат комиссиясының төрағасы Козик баяндама жасады. Конференция делегаттары мандат комиссиясының баяндамасын бір ауыздан бекітті.

Облыстық VII конференцияның 8 наурыздағы мәжілісінде ҚК(б)П обкомының пленум мүшелері мен кандидаттары және тексеру комиссиясы мүшелерінің құрамына кандидаттар ұсынылып, әрбір кандидат жеке-жеке талқыланды. Жабық, жасырын дауыс беру жолымен ҚК(б)П обкомының мүшелігіне 63 адам, 11 адам ҚК(б)П обкомының пленум мүшелігіне кандидат болып К.Ағажанов, Б. Айнағұлов, С.В. Голосов, И.Ф. Зенченко, А.И. Күшнир, М.А. Лопаткин, П.Д. Присич, Ф.Е. Севицкий, Ш.М. Тасболатов, Д.Н. Ткачов, И.П. Шухов және тексеру комиссиясына 5 адам сайланды. Конференциядан кейін ҚК(б)П обкомының 1-ші пленумы өтті. Пленум ҚК(б)П обкомының бірінші хатшылығына Г.А. Мельникті, екінші хатшылыққа Н.Е. Конинді, кадр жөніндегі хатшылыққа А.С. Поцелуевті, үгіт-насихат жөніндегі хатшылыққа Я.Е. Пильгукті бекітті.

1947 жылы VIII облыстық партия конференциясында Г.А. Мельникпен қатар Қазақстан Компартиясы Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің екінші хатшысы болып Николай Бобров сайланды. Ол 1948-1953 жылдары бірінші хатшы қызметіне дейін көтерілген. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының жарлығымен 1948 жылы 16 наурызда орталығы Совет ауданындағы Совет астық совхозы болған селолық совет Булаев ауданының қарауына берілді, ал сол жылдың 7 шілдесінде Петропавл қаласындағы Железнодорожный, Промышленный, Центральный аудандары таратылды.

Келесі жылдары, яғни 1950-1953 ж.ж. облыста елді мекендер бір сельсоветтің құрамынан алынып, сельсоветтерді тарату немесе совхоздардың орталық қоныстарында сельсовет құқында поссовет құру жұмыстары жүргізілді. Оның барлығы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының жарлығына сай іске асырылып отырылды. Мысалы, 1950 жылы Октябрь ауданындағы Есіл ауыл кеңесін “Өрнек” колхозымен бірге Солтүстік Қазақстан облысы Ленин ауданындағы Арал ауылсоветіне беру туралы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының жарлығы шықты.

1953 жылғы атақты қыркүйек пленумы деген атпен тарихта қалған Компартия орталық комитетінің үлкен жиынында Кеңес одағында ауыл шаруашылығын одан әрі дамыту шаралары қаралып, астық өнімдерін молайтудың бірден-бір көзі – тың және тыңайған жерлерді жырттып, дәнді дақылдар өсіру деген шешім қабылданды. Кейін “Тың эпопеясы” деген даңғаз науқанға бастама болған осы оқиға Солтүстік Қазақстан облысына үлкен өзгерістер әкелді. Бұл саясаттың түпкі мақсаты халықты азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету болса, ол шын мәнінде көптеген ауыл шаруашылығының мәселелерін шешуге мүмкіндіктер жасады. Сол кездегі халықтың ерен еңбектерін және оның ауқымды нәтижелерін атаған жөн. Дегенмен осы ауқымды болып көрінген жетістіктердің тасасында қазақ ұлты үшін мән-мағынасы мол зардаптар да қалыптасты ғой. Әсіресе 1954 жылы өңірдің әкімшілік-аумақтық бөлінісі түбірімен өзгеріп, елді мекендердің аты өзгертіліп, жаңадан құрылған кеңшарлар мен ұжымшарларға

идеологиялық тұрғыдан “жағымды” атаулар қойыла бастады. Сол жылдары совхоздар “Заря”, “Молодая Гвардия”, “Александров”, “Тихоокеанский”, “Озерный” т.б. атауларға ие болды. “Булаев”, Маленьков атындағы, “Жданов совхозы”, “Украина”, “Интернационал”, “Жамбыл”, “Молодогвардейский”, “Восход”, Дзержинский атындағы, “Докучаев”, “Ишим”, “Москворецкий”, “Тимирязев”, Хрущев атындағы совхоздардың құрылысы басталды.

Солардың ішінде, тыңда жоғары көрсеткішпен алға шыққан Жданов кеңшары еді. Оның сол кездегі директоры Николенко, ал партия комитетінің хатшысы Сергеев болды. Тағы бір мысал, “Восход” шаруашылығында тыңның алғашқы жылдарында 22,5 мың гектар жаңа жер жырттылып, совхоз алғашқы екі жылда мемлекетке 20,8 мың тонна астық тапсырды. Бұл көрсеткіштер облыстың дамуына септігін тигізген.

1957 жылы 11 қаңтарда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының жарлығымен біздің өңірдің және Көкшетау облысының әкімшілік бөлінісіне көптеген өзгерістер енгізілді. 1957 жылы 23 наурызда және 30 шілдеде қатарынан бірнеше жарлық қабылданды. Осындай сапырыстырулар Кеңес одағының бірінші басшысы Н. Хрущевтің атына айып болып тағылған. Шын мәнінде ұсақ ұжымшарларды ірілендіру, ауыл өмірін түбегейлі өзгерту арқылы халықты ұжымшарлардан бас тартпай, еңбек етуге және шаруа еңбегін бір орталыққа бағындыруды көздеген еді, бірақ бұл шаралар кері нәтиже берді. Алғашқы болып экономикасы өте нашар дамыған, еңбек көрсеткіштері өте төмен, мемлекетке қарызы көп, шаруаларға еңбекақысын төлей алмаған ұжымшарлар кеңшарларға айналдырылды. 1950 жылдары ауыл-село тұрғындарының 65 пайызға жуығы ұжымшарлықтар болған. Тың және тыңайған жерлерді игерудің нәтижесінде тың игерілген жерлерде астықты, мал шаруашылығы бір жолға қойылған совхоздар ұйымдастырылып, кең көлемді күрделі құрылыстар салынды. Совхоз құрылысы 1954-1961 жылдары кеңінен дамыды. Сол жылдары Қазақстанда 800-ден астам жаңа совхоз құрылды.

1957 жылы 6 тамызда “Афанасьевский”, “Благовещенский”, “Дубровский”, “Заречный”, “Заградовский”, “Мирославский”, Калинин, “Николаевский”, “Новомихайловский”, “Образцовый”, ВЛКСМ 50-жыл атындағы, “Северный”, “Семипольский”, “Смирновский”, “Ульяновский” совхоздары пайда болды. 1960 жылы 21 қазанда “Озерный” (Бескөл ауданы) совхозы құрылды. 1958-1963 жылдар аралығында Қазақстан Компартиясы Солтүстік Қазақстан облыстық комитетінің бірінші хатшы қызметінде Николай Николаевич Журиң болған. Ол – сегізінші шақырылымдағы КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты, үшінші-төртінші шақырылымдағы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты. Екі мәрте Ленин орденімен, Октябрь революциясы, үш мәрте Еңбек Қызыл Ту, “Құрмет Белгісі” ордендерімен, медальдармен марапатталған.

Орталықтың Қазақстан туралы ұстанған саясаты қазақ мемлекеттілігіне, бірлігіне қауіп төндіріп, тұтастығына көз тіге бастады. Мысалы, Н.С. Хрущев Қазақстанға алты рет келіп, келген сайын тыңға ат басын бұрып, ақырында оның ұйғаруымен Қазақстанның Солтүстігіндегі бес облыс тың өлкесіне біріктірілді. Сол кезде құрылып, кейін тарап кеткен Тың өлкесінің құрамына Ақмола, Көкшетау, Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарын беру туралы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының жарлығы шықты. Онда Ақмола қаласын Тың өлкесінің орталығы етіп бекіту және Ақмола облысын таратып, оның аудандарын өлкелік органдарға тікелей бағындыру туралы айтылған. 1960 жылы Көкшетау, Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарының, сондай-ақ таратылған Ақмола облысының өнеркәсібі мен құрылысын біріктіретін Тың экономикалық әкімшілік аймағын құру, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарының экономикалық әкімшілік аймақтарын тарату көзделді.

1961 жылы Тың өлкесінің құрамындағы (орталығы – Целиноград қаласы болатын) Ақмола облысы құрылды. Н.С. Хрущев сол кезден бастап Қазақстанның

тың аймағын Ресей құрамына біртіндеп ендіру әрекетіне белсене кірісті. Ол Қазақстан Компартиясы Тың өлкелік комитетінің бірінші хатшылығына Соколовты тағайындап, ал ол болса “Тың өлкесі” 16-шы одақтас республика құру идеясын ұсынумен болды. Дәл осы кезде Тың өлкесіне біріктірілген Солтүстік облыстарды Ресейге, Оңтүстік Қазақстанның мақта егетін аудандарын Өзбекстанға беруге Жұмабек Тәшенев ашық қарсы шықты. Ол: “Мұндай теріс шешімге қазақ халқы қарсы болады, онда КСРО Конституциясына өзгерту енгізу керек!” деп, Мәскеу төрінде батыл сөйледі. Қазақ халқының жері мен елі үшін күресе білген Алаштың адал ұлының арқасында Тәуелсіз Қазақстанның бес облысы республика құрамында қалды.

Ұлтымыздың біртуар азаматы Жұмабек Тәшенев халқының бүгінгі мен келешегі үшін белсене еңбек етті. Коммунистік идеологияның қатаң партиялық қысым жағдайында ол өз ұстанымынан таймады.

1962 жылдың көктемінде Қазақстанда өзгерістерге ілікпеген бірде-бір облыс, аудан және ауыл қалған жоқ. Өзгертулер осымен тоқтамай, Қазақстандағы селолық аудандарды ірілендіру шаралары жалғасын тапты. Мысалы, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының жарлығымен 1963 жылы 2 қаңтарда Көкшетау облысындағы аудандардың орнына селолық аудандар құру жұмыстарына байланысты Володар, Қызылту селолық аудандарына және Қазақ КСР әкімшілік-аумақтық бөлінісіне өзгерістер енгізілді.

Конюхов, Полудин, Приишим, Соколов аудандарын таратып, Тимирязев ауданын құру, Октябрь ауданын Сергеев деп қайта атау туралы жарлықтар шықты. Солтүстік Қазақстан облысындағы бұрынғы бар аудандардың құрылымын, бағыныштылығын өзгертіп, олардың орнына “селолық аудандар” құрыла бастады. 1962 жылдың қараша айында Мәскеуде КОКП ОК пленумы партиялық басқаруды қайта құру туралы шешім қабылдады. 1963 жылдың басында партиялық басқару жүйесінің өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының ыңғайына қарай екіге бөлінді. Сол кезде, яғни 1963-1965 жылдары Қазақстан Компартиясы Солтүстік Қазақстан обкомының бірінші хатшысы болған орыс ұлтының азаматы – Подгорбунский Кузьма Захарович еді. Бұған дейін ол 1956-1963 жылдары Солтүстік Қазақстан облаткомының төрағасы қызметін атқарған. Қазақ КСР-нда өнеркәсіп аймақтарын құру және кейбір қалалардың, қалалық поселкелер мен елді мекендердің әкімшілік бағыныштылығын өзгерту туралы қаулыға сәйкес, Көкшетау, Шучинск, Красноармейск, Петропавл, Макинск қалалары өлкеге бағынатындар санатына жатқызылды. Бұдан былайғы 1963 жылдары селолық кеңестерді тарату, елді мекендерді беру шаралары жалғаса берді. Осы кезде Н.С. Хрущевтің саясатына билік басындағылар батыл қарсы шығып, 1964 жылы 13 қарашада оны тақтан тайдырып, мемлекеттің бірінші басшысы етіп Л.И. Брежневті сайлайды. Ол жаңа өзгерістер енгізе бастады. КСРО-ның, оның ішінде Қазақстанның әкімшілік-аумақтық бөліністерін бұрынғы қалпына қайта келтіру әрекеті қолға алынды. Л.И. Брежневті сайлаған Кеңес одағының ең жоғарғы саяси және әкімшілік билігі шоғырланған КОКП ОК 1964 жылғы қараша пленумының шешімдеріне сай елдегі жағдайларды 1965 жылдың басынан-ақ оңтайлы шеше бастады.

1964 жылы желтоқсанда Мәскеудегі ең жоғарғы билік деңгейінде мынадай құжаттар қабылданды: Қазақ КСР-нда еңбекшілдер депутаттары кейбір “өнеркәсіптік және селолық” кеңестердің атқару комитеттерін біріктіру, кейбір қалалардың, қалалық поселкелердің басқа да елді мекендердің әкімшілік бағыныштылығын өзгерту туралы шешім қабылдады. Көкшетау облысынан Көкшетау және Шучинск, Солтүстік Қазақстан облысынан Петропавл қалаларын өлкелік бағыныштылықтан облысқа ауыстырды. Сонымен қатар селолық аудандар жойылып, қайтадан бірыңғай аудандар құрылды.

Қазақ КСР-ның Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1965 жылғы 19 қазандағы жарлығына байланысты Қазақстанда Тың өлкесі таратылып, құрамындағы Көкшетау, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Целиноград облыстары Қазақ КСР-ның мемлекеттік органдарына тікелей бағынатын болды. 1965-1981 жылдары Қазақстан Компартиясы Солтүстік Қазақстан облыстық комитетінің бірінші хатшысы қызметін Василий Петрович Демиденко атқарды.

Облыста Возвышен, Бескөл (1967), Жамбыл (1970) және Мәскеу (1972) аудандары мен “Полтавский”, “Рассвет” совхоздары құрылды. 1969 жылы 9 маусымда Солтүстік Қазақстан облысында жаңадан құрылған селолық кеңестерге атау беру туралы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының жарлығы шықты. Орталығы Андреев селосы болған Бескөл ауданындағы селолық кеңестің атауы – Андреев; орталығы Фурманов селосы болған Булаев ауданындағы селолық кеңестің атауы – Фурманов; орталығы Ленин селосы болған Мамлют ауданындағы селолық кеңеске Ленин селолық кеңесі деп атау беру ұйғарылды.

1970 жылы Ленин, Сергеев және Тимирязев аудандарының әкімшілік-аумақтық бөлінісіне өзгерістер енгізілді. Ал сол жылы шілдеде Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің 1970 жылғы 10 маусымдағы шешімімен құрылған селолық кеңестерге атау беру туралы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының жарлығы шықты. 1970 жылы Жамбыл ауданы, іле-шала “Авангард”, “Астраханский”, “Медвеженский”, “Покровский”, “Ступинский”, “Юбилейный” кеңшарлары, бір жылдан соң “Қайранкөл” кеңшары құрылды. Бескөл, Булаев, Возвышен, Жамбыл, Ленин, Мамлют, Преснов, Сергеев, Совет, Соколов және Тимирязев аудандары елді мекендерінің атауын өзгерту туралы шешім шықты.

Қазақ КСР құрамында жаңа аудандар құру және республиканың әкімшілік-аумақтық бөлінісіне кейбір өзгерістер енгізу туралы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының жарлығы бойынша Көкшетау облысында орталығы Талшық қалалық поселкесі болатын Ленин ауданы мен Петропавл қаласында Киров және Куйбышев аудандары, Булаев, Мамлют және Соколов аудандарының құрамында жаңа селолық кеңестер құрылды. Володар ауданындағы елді мекендердің атауын орысша дұрыс жазу туралы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының жарлығы шықты. Бұл құжат бұрын жіберілген өрескел қателерді түзетуге жасалған алғашқы қадам еді. 1976 жылы шілдеде Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімімен Бескөл ауданында орталығы Новокаменка селосы болған – Новокаменский селолық кеңесі, Мәскеу ауданында орталығы Новоузенка селосы болған – Новоузенский және т.б. 1977 жылы Возвышен, Жамбыл, Совет аудандарының аумағында жаңа селолық кеңестер құрылды. Ал 1978 жылы Бескөл, Булаев, Возвышен, Жамбыл, Ленин, Мамлют, Преснов, Совет, Мәскеу, Соколов, Тимирязев аудандарында жойылған елді мекендерді есептен шығару туралы Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі қабылданды. 1979 жылы қыркүйекте Бескөл, Булаев, Возвышен, Преснов, Сергеев, Тимирязев аудандарында жаңа селолық кеңестер құру туралы Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі шықты. Кейін 1981 жылы Арықбалық, Уәлиханов, Володар және Зеренді аудандарының құрамында жоқ елді мекендерді есептен шығару туралы Көкшетау облыстық атқару комитетінің шешімі күшіне енді.

Қазақстан Компартиясы Солтүстік Қазақстан облыстық комитетінің бірінші хатшылық қызметін 1981-1988 жылдары Владимир Тимофеевич Степанов атқарған. Оның тұсында жойылған елді мекендерді аудандардың есебінен шығару, аудан селолық кеңестерінің әкімшілік-аумақтық бөлінісіне, елді мекендердің бағыныштылығына, есеп-қисап мағлұматтарына өзгерістер енгізілді. Бұл қызметті 1988 жылдан 1991 жылға дейін он бірінші шақырылымдағы КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты – Святослав Александрович Медведев жалғастырды.

Петропавлда Киров және Куйбышев аудандарын, сонымен қатар Целинный ауданы таратылып, Ақсуат, Белоградов, Держинский, Ишимский, Ленинский, Мичурин селолық кеңестері Тимирязев ауданының құрамына; Городец, Октябрь, Юбилейный, Интернациональный селолық кеңестері Сергеев ауданының құрамына берілді. Дәл сол жылы Булаев ауданы Красное селосын Надежда селолық кеңесінің құрамынан алып, Булаев ауданы Қарақоға селолық кеңесінің құрамына өтті.

1990 жылы 13 қыркүйекте бұрын таратылған аудандар қалпына келтіріліп, Қазақ КСР-ның әкімшілік-аумақтық бөлінісіне өзгерістер енгізілді. Көкшетау облысында әкімшілік орталығы Талшық аудандық поселкесі болған Ленин ауданы қалпына келтіріліп, оның құрамына Горький, Қазан, Колос, Құлықөл, Май, Новосельский, Тельман, Ұялы селолық кеңестерін беру ұйғарылды. Көкшетау облыстық атқару комитетінің шешімімен 1991 жылы Уәлиханов ауданында Ақбұлақ селолық кеңесі құрылды.

1991 жылы Кеңес одағы ыдырап, Қазақстан тәуелсіздігін жариялады. Тәуелсіздік жылдары Қазақстан өз көшбасшысының батылдығы мен даналығы, халықтың ынтымақ-бірлігі арқасында ғасырға бергісіз кезеңнен өтті. Қаншама қиындықтарды артқа тастап, аяғынан нық тұрған республиканың келешекке деген сенімі зор. Осы жылдар шешімін таппайтын мәселе мен қол жетпейтін мақсаттың болмайтындығы анық дәлелденді.

Бүгінде облыс құрамында 13 аудан, 689 елді мекен бар. Соның 237-сі немесе 34 пайызы қазақша атауға ие. Соңғы жылдары 59 елді мекеннің атауы өзгертілді. Облыс мұрағаттарындағы 1,5 млн-ға жуық құжатта аймақтың өткен тарихы туралы бай дереккөздер сақталған. Теріскейдің өткенінен сыр шертетін тарихи құжаттар да жеткілікті.

«ЖЕРІҢНІҢ АТЫ – ЕЛІҢНІҢ ХАТЫ»

Жақсыбай САМПАТ, жазушы, журналист.

Қызылжардан Көкшетауға келе жатқан үлкен жолдың бойындағы елді мекендердің атауы кіл орысша: «Трудовая Нива», «Чапаев», «Астраханка», «Рублевка», «Келлеровка», «Драгомировка», «Ивангород», «Обуховка», т.б. Алайда осы аталған ауылдардың бәрінің де жер мен суға қатысты қазақша атаулары (топонимдері) бар. Олар тіпті ескі карталарда да көрсетілген. Кезінде оны ешкім елемеген. Өйткені орыс патшалығының да, кеңестік саясаттың да түпкі көздеген мақсаты елді ғана емес, жерді де жаппай орыстандыру болған. Бұл саясат өзінің мақсатына жетті де. Әрине, бүгінгі саналы жұрт тәуелсіз еліміз бола тұра елді мекендердің атауы әлі күнге өзге тілде болғанына намыстанады, күйнеді. «Жеріңнің аты – еліңнің хаты» дейді, жат атаулар естіген құлаққа түрпідей тиетіні белгілі. Шүкір, қазір еліміздегі қазақтардың үлесі 70 пайызға жетіп қалды. Сондықтан қазақстандық әрбір жасты еліміздің әр бұрышын сүюге, әр бұтасына дейін күтіп, аялауға тәрбиелеу керек. Халқымыздың мақтанышына айналған ерлердің есімдерін ұлықтасақ, ежелгі ерліктің куәсі болған жерлер атауын жаңғыртсақ, жас ұрпақ соған қарап бой түзейді.

Әзірге жоғарыдағы атауларды өскелең қазақ жастары өз жерім, өз елім деп атауға құлқы соқпаса анық. Сол ауылдарға оңтүстік өңірлерден келіп жаңадан қоныстанып жатқан отбасылардың да арғы түйсігінде «қайда келдім?» деген сияқты алақөңілділік туары сөзсіз. Бір қызығы, осы жолдың бойындағы барлық атауға қарап, оның тек Кеңес Одағы жылдарында түскен ауылдар екенін көруге болады. Мәселен, Трудовая Нива, Чапаев, Астрахан, Ленинскийлер тың игеру жылдарынан кейін түскені кеңестік ұрандарынан көрініп тұр. Олар түскен қазіргі Аққайың ауданы бұрын Совет деп аталатын еді. Ал оған дейін Бейнетқор болған. Кеңес Одағының Батыры Жәлел Қизатов соғыстан кейін осы ауданның партия комитетіне басшы болып тағайындалған жылдарын еске алғанда онда негізінен қазақтар тұратынын айтады. Сол аудан тың көтеру жылдарында облыс орталығы – Петропавл қаласына жақын болғандықтан көшіп келушілер қаптап келіп, бөгде жұрттың үлесі күрт артып кетті. Жер, су атаулары да сол кезден бастап қатты өзгеріске ұшырады. Ауданда тіпті жалғыз ғана қазақ орта мектебі қалыптасты....

Облыс аумағында патша заманындағы «Қасірет белдеуінің» («Новошимский») шекаралық белдеуін халық «Горькая линия» деп атап кеткен, қазақшаға солай аударылған бойына түскен деревнялар мен стансалардың бәрінің атауы христиан діні қайраткерлері және мерекелерінің атауымен аталған. Мысалы, қазақ әдебиетінің классиктері Сәбит, Ғабит пен Қазақстандағы орыс әдебиетінің көрнекті өкілі Иван Шуховтың ауылдарына аппаратын Петропавл – Благовещенка трассасының өн бойындағы ауыл, селолар бүгінге дейін Покровка, Воскресеневка, Дубровное, Ново-Дубровное, Кладбинка, Сенжарка, Миролубово, Пресновка, Петровка, Святодуховка, Благовещенка деп аталады. Осы трассаның бойында жалғыз ғана Әйімжан деген қазақ ауылы бар. Ал енді осы жолдармен келе жатқан адам өзінің Қазақстанда жүргеніне күмән келтірмей мүмкін емес. Айтып айтпай не керек, Петропавлдан Ресейдің Омбы, Қорған, Түмен облысына шығаратын үлкен жолдарының бойында да кілең басқа тілдегі атаулар самсап тұр. Осылардың бәрін болмаса да біраз бөлігін қазақшалау – міндет. Бұл – еліміздің қазіргі геосаяси жағдайының, қауіпсіздігі мен саяси-экономикалық мүдделерінің талабы. Соңғы екі жылда ауылдардағы 300-дей көшенің аты өзгертілді. Тағы 150-дей тіркелуге берілді. Енді осы жұмыстарды одан әрі жеделдету күн тәртібінде тұр.

«Қазақ тілі» қоғамының төрағасы Жанат Мұхамеджанов бастаған топ ономастикалық саясатты түсіндірмек болып жолға шықты. Біздің тобымызда Алматыдан арнайы келген «Ұлт тағдыры» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі, белгілі саясаткер Дос Көшім, облыстық мәдениет және тіл басқармасының бөлім бастығы Ернияз Сұлтанов және «Қазақ тілі» қоғамы төрағасының орынбасары Әнуар Тоқпан болды.

Ат басын алдымен Қызылжардан 30 шақырым жердегі Чапаев ауылына бұрдық. Бұл мекеннің «Ақбас» деген ежелгі атауы бар. Оның үстіне атауы идеологиялық тұрғыдан ескірген, большевиктердің қанды қасабын іске асырушы адамның атын алып тұр. Чапаевтың Қызылжар өңіріне еш қатысы жоқ, кезінде жаппай ұрандатудың қиқуымен беріле салған. Оның үстіне тәуелсіздік жылдарында ауыл атауын өзгерту мәселесі бірнеше рет қозғалған да екен. Қоныс аударушылар легі де мұнда біршама бар. Сондықтан шығар, ұнатпағандар болғанымен негізгі тұрғындар ауыл атын өзгертуге қарсы емес. Ауыл тұрғыны Жұмағали Қожахметов ақсақал да біздің сөзімізді құптап, пікір білдірді. Бұрын парторг болып халық

алдында сөйлеуге дағдыланған жан екен, оның сөзін тұрғындар ыждаһатпен тыңдады. Енді бастамашыл топ шығып, өзгертуді қолға алса, бұл ауылдың атын ауыстыру қиын болмас. Қоныс аударушылар қатарында еліміздің оңтүстігінен келген бір-екі жігіт те ауылға басқа атаудың берілгенін қалайтындарын айтты.

Чапаевтағы кездесуден шыққан біздің көтеріңкі көңілімізді Ленинское деген жолдан сәл қалтарыста жатқан ауылдың тұрғындары су сепкендей басты. Мұнда өзге ұлт өкілдері де көп тұрады екен, оның үстіне консервативті пиғылдары атойлап тұр. «Біз Лениннің атын да өзгертпейміз, ескерткішін де құлатпаймыз, өзіміз күтіп отырамыз», деп екіленді біреуі. «Осы ауыл атауын ауыстырудың не керегі бар, басқа шаруа жоқ па, қаншама әуре-сарсаң, қаншама шығын» деп ақылсынды екіншісі. Ономастиканың мемлекеттік тіл саясатының бір пұшпағы екенін, ол мемлекет мүддесіне қызмет етуі керектігін ешқайсы керек қылып тұрған жоқ. Тыңдағысы да келмейтін сыңай танытты. Осы ауылға бертін көшіп келген бір-екі қазақ қарсы сөйлемек болып еді, оларды да сөйлетпеге тырысты. Әбден баса-көктеп, басып-жаншып үйреніп қалған шовинистік пиғыл атойлап тұр. Әзірге бұларға сөз шығын қылудың өзі артық сияқты. Осы өңірде туған Жансүгір батырдың есімін алған дұрыс болмас па еді деген ұсынысты да елеген жоқ. Қызылжар ауданынан шығып Аққайың ауданының аумағындағы Рублевка ауылында да болдық. Бұл ауылға бұрын тіпті «Баянды» деген қазақ ауылын да қосқан екен. Ал жердің атауы әп-әдемі Ақсуат болыпты. Алайда оны көшіп келгендер керек қылып тұрған жоқ. Осында 40 жыл мұғалім болдым деген Ольга Махина деген әйел өзінің пікірін барынша сыпайылықпен жеткізуге тырысса да ішкі ойы қазақ атауына қарсы екені аңғарылып тұр. Біздің мақсат – ауыл атауын қолма-қол өзгерту емес, сіздерге елдің ономастикалық саясатын түсіндіру ғана деген сөзімізді де кейбіреулер ұққысы келмеді. Қаржылық шығындарды сылтауратқандар да көп болды. Ондай шығындар болмайтыны, тек деректер базасындағы ауыл аты ғана өзгертілетіні айтылды. Жалғыз шығын – ауылдың атауы көрсетілетін жолдағы көрсеткіштер жасатуға ғана кететіні, оны ауылдық округ әкімдігі жасататыны да айтылды.

Келесі тоқтаған елді мекен – Тайынша ауданының Келлеровка ауылы болды. Бұл кезінде осы атас ауданның орталығы болған біршама үлкен ауыл, округтің орталығы. Қарамағына Келлер, Богатыров, Кременчук, Липовка деген ауылдар кіреді. Ауылдың негізін Волга бойынан 1905 жылдары Қазақ даласына көшіп келген неміс тұрғындар қалаған екен. Жаз бойы жүріп келіп, күз түсе бастағанда олар жертелелер сала бастайды да қоныстың атауын да «Келлер» деп атапты. Оның қазақшасы «жертелелер» деген сөз екен. Сондықтан қимай қалатын атау емес. Бізбен кездескен тұрғындар да әрі-сәрі халде екендіктерін көрсетті, не де болса өзгертпейміз деп табан тіреп тұрған адамдарды әйтеуір мұнда көрген жоқпыз. Есесіне ауданның «Драгомировка» деген ауылының тұрғындары қарсылықтарын айтып атойлап тұрды. Осы ауылдық округке Драгомировкадан басқа Ивангород, Любимовка, Обуховка деген үш ауыл қарайды екен, бәрі де үлкен жолдың бойында, халқының үлес салмағында қазақтар – 9, орыстар – 27, украиндар – 21, немістер – 19, қалғаны басқа ұлттардың өкілдері көрінеді. «Жаркөл» деген қазақ жеріне түссе де бізге Драгомиров деген генералдың жесірі шіркеу салдырып берген, ауыл соның есімімен аталған, өзгертпейміз деушілер көп болды. Өздері тіпті дайындалып келіпті, бірінің сөзін екіншісі қостап өрепкіп бақты. Біздің мақсатымыз ауылдың атын ауыстыру емес дегенге де сенбей, қолма-қол қол жинап жатты.

Қызылжар, Аққайың, Тайынша, Ақжар аудандарының орыстүлдіс ағайындар көп тұратын бір мақалада толық қамту мүмкін емес. Тек әйтеуір орысша атау алған ауылдардың бәрінің де ежелгі қазақы атауы болғанына көзіміз жетті. Мысалы, Чкалов ауылының жер аты Қарақоға, Ильичевканың тұрған жері Бесқарағай және тағы басқа деп аталады екен. «Тіпті қазақы жер атауы болмаса да біз ауылдар атын өзгертіп ұрпағымызға өз батырларымызды танытып, солардың ерлік, адамгершілік үлгісімен өсіруіміз керек қой», деді Чкалов ауданының әкімі Сәкен Сәдуақасов өзінің сөзінде. Ильичевка қарайтын Амандық ауылдық округінің халқы да өзгертуге қарсы емес екенін жеткізді. Оның округіндегі қазақ тұрғындарының үлесі де басым. Тек осы уақытқа дейін қолға алынбағаны ескі әдеттен арылмай жүре бергеннің кесірі сияқты.

(Газет оқырмандарының сұрауы бойынша мақала қайталанып берілді).

АЛҒЫС АЙТАМЫЗ!



**ГҮЛБАҒИЛА
ЗЕЙНЕШҚИЗИ**

*Ана - өмір қолдаушысы әлемнің
Шаңырақтың шаттығы мен шуағы
Сейілімесін жанарынан ананың
Тіршілікке төккен нұрлы шуағы.
Аялайық аналарды барында*

*Қуанышқа бөлейікші өмірде, деп ақын жүрек
жырлағандай, Ана - барлық өмірдің бастауы. Ол адам-
ды өмірге әкеледі, оны тәрбиелейді, өсіреді, аналардан
асыл қасиет - ананың ақ сүтінен дариды. Ана - ұлы
адам, Ана - құдіретті күш! Әлемдегі ең асыл жан ол -
Ана десек, жүрегімізде сүйікті жанға деген махаббат
сезімі оянады. Ана бұл аяулы да мейірімді жан. Ал, сол
асыл адам жаныңнан мәңгілікке алыстап кетсе, әрине,
өкінішті. Жүрегің жараланып, еріксіз қоштасуға
тура келеді екен. Міне, біздің Габдулиндер отбасы
осындай қайғылы күн кешіп отырмыз. 83 жасында
анамыз өмірден озды. Тағдырдың жазғанына көніп,
анамызға иман байлығын тілегеннен басқа қолдан
келер шара жоқ. Осындай өмірдің қиын сәттерінде
қайғымызға ортақ болып, жанымызды жұбатып,
көмек көрсетіп біздің отбасымызбен бірге болған Агро-
ном және Ильич ауылдарының тұрғындарына, жолдас-
ағайындарымызға және аудандық әкімшіліктен келіп
көңіл айтқан жандарға Алғыс айтамыз.*

Ғабдулиндер отбасы. Агроном-Ильич ауылы.

«МЕН СЕНІҢ ӨМІРІҢНІҢ ЖАЛҒАСЫМЫН...»

2020 жылы қазан айының 5 жұлдызында жерлесіміз, белгілі қаламгер, абыз ақсақал, жазушы ағамыз Төлеген Қажыбай өмірден өтті. Қаламын серік етіп, тұтас қазақ үшін орны бөлек шығармалары мен кітаптары газет беттерінде өрнекті ізі қалған ардақты азаматтың орны ойсырап қалды. Артына өшпес мұра мен айшықты ізін қалдырған Төлеген ағаның есімі ұрпақ жадында мәңгілікке сақталады.



Төлеген ҚАЖЫБАЙ – 1942 жылы 12 желтоқсанда қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Чкалов ауданына қарасты Ортақ ауылында дүниеге келген. 1966 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының филология факультетін тамамдаған. Еңбек жолын Көкшетау облыстық «Көкшетау правдасы» газетінде бастаған. Облыстық газет редакторының бірінші орынбасары, Солтүстік Қазақстан облыстық «Солтүстік Қазақстан», Ақмола облыстық «Арқа ажары» газеттерінің Көкшетау қаласындағы тілшілер қосының жетекшісі, Қазақстан Жазушылар одағының Ақмола облыстық филиалының директоры қызметтерін атқарған. Өмірінің соңғы жылдары тәуелсіз «Бұқпа» газеті бас редакторы болды. «Жолбасы», «Жанымның жапырақтары», «Жырлайды жүрек», «Қарасай дастан», «Сексен көл сылдыры», «Жыр-ғұмыр», «Айналайын атыңнан», «Құлдан қырғыны», «Қан кешу», «Махаббат әні», «Жеті жыл», «Көкшетау қарлығаштары», «Ақиқат жолы – алыс жол», «Самурайдың серт семсері», «Сәуле – менің ауылым» кітаптарының авторы. «Ұмытпа мені, Гәккүім», «Жыңдар биі», «Зауал», «Хан Кененің қазасы» драмалары Ақмола облыстық драма театрында қойылған. «Сейіт-Бөкен», «Жәпек батыр» дастандары жарық көрген. 2006 жылы орыс тілінде «Путь к истине» деген атпен кітабы шықты. 1980 жылы «Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» атағы берілді. 1996 жылы Республикалық Журналистер одағының А. Байтұрсынов атындағы сыйлығының лауреаты атанды. «Көкшетау қаласының құрметті азаматы» еді... Биыл ақын, жазушы, драматург, қоғам қайраткері Төлеген Қажыбай көзі тірі болса, 80 жасқа толар еді...

Көкшетау қаласындағы Мәлік Ғабдуллин музейінің ұйымдастыруымен Біржан сал музыкалық колледжінде Төлеген Қажыбайдың 80 жылдығына орай ақынның ұлы, әдебиеттанушы-ғалым Аян Төлегенұлымен «Мен сенің өміріңнің жалғасымын...» атты кездесу кеші өтті.

«Көкшенің көк қаршығасы» атанған Төлеген ақынның 80 жылдығына Ақмола облысы мәдениет мекемелерімен 300-ге жуық іс-шара жоспарланған. Бұл кеш – сол іс-шаралардың алғашқы беташары болды.

Ақмола облысы мәдениет басқармасының басшысы Айгүл Баубекқызы Сәбитова өз сөзінде қарымды қаламгер, қажырлы қайраткер, тамаша драматург, көркем сөз шебері Төлеген Қажыбаевтың өңіріміздің әдебиет пен мәдениет саласының дамуына қосқан сүбелі еңбегін ерекше атап өтті.

Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті жанынан құрылған «Жауқазын» жастар театрының орындауындағы Төлеген ағамыздың сөзіне жазылған «Әгугай домбыра» әні мен оның мөлдір жырларынан, ой салар әңгіме-повестерінен құралған пролог кештің сәнін келтірді.

Төлеген Қажыбайдың өмірі мен шығармашылығын насихаттау, әке мен бала арасындағы тәрбиені жас буынға түсіндіру және Төлеген Қажыбайдың 80 жылдығының жоғары деңгейде аталып өтуіне үлес қосу мақсатында өткен іс-шараны ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, PhD – Ерболат Баятұлы жүргізді. Аталмыш кешке Төлеген ақынның балалығының куәсі болған достары, көзқарған замандастары Тельман Шәріпұлы, Шабдан Тоқмурзин, Сәбит Шагиrow, Ғосман Төлеғұлұлы қатысып, әдемі естеліктерімен бөлісті.

Әдемі кеш Ақмола облыстық филармониясының әншісі Гүлжан Ахметованың орындауындағы Т.Қажыбаевтың сөзіне жазылған композитор Қ.Сақайдың «Жолыңды тосып жүрмін» әнімен қорытындыланды.

«Тұлпар аунаған жерде түк қалады» демекші, әкесінің ізін жалғап келе жатқан Аян Төлегенұлы секілді аяулы перзент барда, Төлеген Қажыбайдың асқақ есімі ешқашан өшпейді деп білеміз!

Гүл НҰРАЛИНА,

«Тайынша таңы» газетінің бас редакторы.

ТҰҒЫРЫ БИІК ТАУ ТҰЛҒА...

Қарағаш пен Жаңатілек іргелес ауылдар. Сондықтан, біз бір ауылдың тумасы едік десем, ешкім де менің бұл ойыма қарсы келмес деген пікірдемін.

Қарағаш сегізжылдық мектебінде оқып жүргенде Төлеген Қажыбаев ағамыз Көкшетаудан мектеп бітірісімен ауылға келіп еңбек жолын бастаған болатын. Ол кезде әр пәннен беретін мұғалімдер жетіспейді, аз уақыт болса да Төкеңнен дәріс алдық. Төлеген ағамыз Алматыға оқуға кетті, біз Чкалов он бір жылдық мектебінде оқуымызды жалғастырдық...

Төлеген ағамен мені жақындастырған алдымен осы ұшқыр қалам ғой. Мектепте оқып жүргенде облыстық «Көкшетау правдасы», республикалық «Қазақстан пионері», «Білім» журналында мақалаларым жарық көріп жүрді. Целиноградта институтта оқып жүргенде «Өкініш» атты әңгіме жазып Көкшетауға өзім білетін Төлеген ағамызға алып келдім. Төкең әңгімеді оқып, өз пікірін білдірді. Мен Целиноградқа келісімен әңгімеді аздап түзетіп облыстық «Коммунизм нұры» газетіне апарып бердім. Белгілі журналист, артынан газет редакторы болған Октябрь Әлібеков ағамыз әңгімені ұнатып, алып қалды, артынша газетке басылап шықты...

Ал, Төкеңнің өз творчествосына келетін болсақ, алғашқы жыр жинағы «Жол басы», міне, алдымда жатыр. Тұңғыш жинағына өлеңдермен қатар, «Сырлы қобыз» поэмасы енген. Бұл ағамыздың орысша айтқанда «стартовый площад-касы» екені бәрімізге белгілі еді... Төлеген «Қайран әке» деген өлеңінде:

Менің дағы бар шығар деп шалқар тойым алдымда,
Мінбей кеткен пырағыңды ұстап келем бабында.

Сен түспеген ұлан-асыр дүбірлі мол жарыстан,
Шет қалуым намыс қой шаңқай түстің шағында – деп, абзал әкенің өмірінің жалғасы екенін, осы бір ардақты атқа кір келтірмей, оның ісін жалғастыратынына әке алдында ант еткендей.

Тұғыры биік тау тұлға Төлеген Қажыбайдың творчествосына қысқаша тоқтала кетейін. Төлегеннің тырнақалдыларымен өзім мектеп қабырғасынан таныспын. Әрине, талант дарыған адам болса да бірақ күнде ақын, не жазушы болып шықпайды ғой. Бәрі де мектепте оқып жүрген кездегі туған тырнақалдылардан басталып үлкен туындыға ұласады. Тырнақалдыны зәулім үйдің алғашқы кірпіші десек, елінің құрметтісі Төкең өзінің жетпіс беске келген шағында сол үйдің қабырғасын тұрғызып, шатырын жауып, есігін айқара ашып, оқырман қауымды өзі тұрғызған жыр күмбезіне шақырады.

Алдымен айтарым, Төкеңнің жыр сапарының жола-шары, тырнақ алдысы «Жол басын» кезінде қолымызға алып қуанып қалып едік. Әрине, Төлеген шығармаларының тақырыбы сан алуан. Ана, әке, бала, туған жер, махаббат, табиғат жайлы, тіршілік күйбеңдері. Пропада, поэзияда болсын Төкең шығармалары өзінің өміршеңдігімен баурап алады. Тереңге бармай-ақ Төкеңнің соңғы кезде жазған «Ата жұртты аңсау», «Атамның қаптал шапаны», «Анаға мінәжат» өлеңдерін оқысаңыз қандай терең философиялық, адамгершілік, кішіге үлгі ретінде жазылғанына көзіңіз жетеді.

Төлеген Қажыбайдың өлеңдері хақында алдымен ой толғағандардың бірі Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, белгілі ақын Мұзафар Әлімбаев еді. Төлеген өлеңдеріне талдау жасай келіп Мұзаға былай қорытындылайды: «Көркем жұсни дүние өзін көпке іздеттіреді. Іздеттірсе, игі өнер деңіз. Талантты ақын Төлеген Қажыбаев шығармашылығы жұрт іздейтін, жұрт ілтипатына татитын деңгейге жеткен». Бұдан артық қандай баға болуы мүмкін? Біздің шағын ауыл Жаңатілекте ақынжанды, сөзге де, іске де шебер Дүкен деген ақсақал болған. Ауылдағылар оны «Қыран аға» дейтін. Әрине, кімнің ойлап, осындай ат қойғанын білмеймін. Төкеңді де Қыран аға деп отырған себебіміз бірі осы болар. Ертең өкшемізді басып келе жатқандар, болашағы алдында тұрған жастар Төлеген ағамызға Совет ағамыз «Қыран аға» деп ат қойыпты деп жүрсін... Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін Төкеңнің мына өзінің өлең жолдарымен аяқтағым келіп отыр:

Бойыма қарама сен қаршығадай,
Жарысқа қосылман тер тамшыламай.
Желбуаз жабыларға қоспа, жаным,
Жортақтап жолға шықпас қамшыламай.
Тұрқыма қарама сен тоқпақтайын,
Жұртымның бір жігітін жоқтаптаймын.
Мойныма бір ұрпақтың жүгін артып,
Жетелер өрі қиын соқпақ дәйім.

Дәйім солай болғай, Қыран Аға! Төкең өзінің позициясын тек қалам арқылы ғана емес, реті келгенде мінбер (трибуна) арқылы да көпшілікке танытып жүрді. Сөздері қас шебердің қолынан шыққан қамшыдай өріліп тұратын... Ал, бүгін өткенді бір сәт еске алып, енді ортамызға оралмайтынын білсек те, хакім Абайдың сөзімен айтсақ:

«Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,
Бірақ ол қайтып келіп ойнап-күлмес.
«Мені» мен «менікінің» айрылғанын,
«Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес», дегендей, адам өлген күні өлмейді, ұмытылған күні өледі. Артында ұлы қалса – өзі, қызы қалса – көзі, кітабы қалса – сөзі демей ме, Төкеңнің артында осы үшеуі де қалып отыр.

Совет ХАМИТҰЛЫ,

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

Баспасөз – 2023 ● Баспасөз – 2023

ӘР ШАҢЫРАҚҚА - «Тайынша таңы» газеті!

Құрметті біздің газет оқырмандары!

«Тайынша таңы – әр шаңыраққа» деген бастамамызды қолдауға шақырамыз. Сіздерге үлкен сенім артамыз.

Бұл орайда, ең бірінші ел ағалары мен зиялы қауым өкілдеріне, мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне, бизнес өкілдері мен кәсіпкерлерге, жалпы қалың қазақ еліне сеніп отырмыз. Сіздерге 2023 жылы жарық көретін газеттің бірінші жартыжылдығына жазылу маусымы жүріп жатқанын хабарлаймыз.

Қала тұрғындары үшін газетке 6 айға жазылу құны - 780 теңге, ауыл тұрғындары үшін – 870 теңге.

Газетке жазылу барысында сұрақтар туындайтын болса, редакциямызға 21999, 23696 телефоны арқылы хабарласыңыздар.

Хабарландыру

«Тайынша агробизнес колледжі» КММ-не elektrik талап етіледі.

Хабарласу үшін тел. 23097.

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -
Бас редактор
Гүл НҰРАЛИНА



Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп, №10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылып 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 368. Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Солтүстік Қазақстан облысы,
Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй.
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОННЫҢ:
8 (715-36) 2-19-99

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.